

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы



**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКАДАН ӨТУ ҮШІН ОРТА БІЛІМ
БЕРУ ҰЙЫМДАРЫН ІРІКТЕУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК
ҰСЫНЫМДАР**

Астана – 2023

БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми-әдістемелік кеңесімен баспаға ұсынылды (2023 жылғы 20 наурыздағы № 1 хаттама)

Педагогикалық практикадан өту үшін орта білім беру ұйымдарын іріктеу бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана қаласы: БІ. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2023. – 51 б.

Әдістемелік ұсынымдарда орта білім беру ұйымдарында педагогикалық практиканы тиімді ұйымдастырудың жолдары жазылған. Кәсіби практика болашақ педагогтерді дайындаудағы маңызды компонент. Практиканың сапалы ұйымдастырлуына бірнеше фактор ықпал етеді. Соның бірі – практика өтетін білім беру ұйымының әлеуеті. Бұл әдістемелік ұсынымнамада практика өтетін білім беру ұйымын таңдауда назар аударылуы тиіс критерийлер көрсетілген. Сонымен қатар, педагогикалық практикаға қатысушы басқа да тараптар: мектеп әкімшілігінің, тәлімгер педагогтің, болашақ педагогтің рөлдерінің маңызы жазылған.

Әдістемелік ұсынымдар орта білім беру ұйымдары мен жоғары оқу орындарының басшыларына, педагогтерге, әдістемелік кабинеттердің әдіскерлеріне және білім жүйесінде қызмет ететін мамандарға арналады.

Кіріспе

Педагогикалық практика болашақ мұғалімдерді дайындаудың маңызды аспектісі. Бұл тәжірибе студенттерге теориялық оқу барысында алған білімдері мен дағдыларын нақты сынып жағдайында қолдануға мүмкіндік береді. Практика студенттерге теорияны іс жүзінде қолдануға, оқыту дағдыларын дамытуға, сабақ беруге деген сенімділікті арттыруға, мінез-құлқы әртүрлі оқушылармен коммуникацияны үйренуге, тәжірибелі оқытушылардан тәлім алуға септігін тигізеді. Практиканы аяқтағаннан кейін студенттер табысты және білікті педагог болудың мәнін түсіне бастайды. Сондықтан практика болашақ педагогтер үшін қажет компонентке жатады және педагогтер даярлау бағдарламаларының маңызды элементі болып есептеледі.

Студенттің практика барысында жинайтын білімінің сапасына, жалпы практиканың мазмұнына бірнеше факторлар ықпал етеді. Бұл факторлардың қатарына жоғары оқу орны берген теориялық білімнің сапасы, студенттердің практикаға көзқарасы, тәлімгер мұғалімнің сапасы, білім беру ұйымының әлеуеті т.б. жатады. Осы факторлардың бірінің әлсіздігі практика сапасына және студенттің педагогикалық қызмет туралы ойына ықпал етуі мүмкін. Басқаша айтқанда, педагогикалық мамандықта оқитын студенттің практика уақытындағы позитивті немесе негативті тәжірибесі, жоғары оқу орнындағы жетекшілерінің қолдауына, тәлімгер мұғалімге, білім беру ұйымының және ондағы менеджменттің қалыптастырған атмосферасына байланысты өзгеруі ықтимал. Бұл өз кезегінде болашақ педагогтің таңдаған мамандығына қатысты көзқарасына да ықпал етеді. Сол себепті практиканы дұрыс және сапалы ұйымдастыру өзекті.

Практиканың сапасына ықпал ететін ең маңызды факторлардың бірі – білім беру ұйымының әлеуеті. Білім беру ұйымындағы менеджмент, педагог кадрлардың сапалық құрамы, қалыптасқан корпоративті мәдениет, білім алушылардың білім сапасы, сыртқы және ішкі коммуникация дәстүрі студенттің практика кезеңіндегі тәжірибесіне ықпал етуші факторларға жатады. Білім беру ұйымының әлеуетімен байланысты бұл факторлар студенттің өз мамандығы туралы көзқарасына әсер етеді. Сол себепті көптеген жоғары оқу орындары өз студенттеріне білім беру ұйымын таңдауға терең мән береді.

Бұл әдістемелік ұсынымдамада жоғары оқу орындарының практика үшін білім беру ұйымдарын таңдауының отандық және шетелдік тәжірибелеріне сүйене отырып педагогикалық мамандық студенттеріне практикадан өтуге ұсынылатын білім беру ұйымдарының критерийлері жазылған.

Әдістемелік ұсынымдама үш тараудан тұрады. Бірінші тарауда педагогикалық практиканың маңызы дәйектелген. Бұл бөлімде болашақ педагогтерді даярлаудағы практиканың маңызы жазылып, ол сапалы өтуі үшін студент, тәлімгер мұғалім және мектеп директорының міндеттері мен назар аударуы керек мәселелер берілген.

Екінші тарауда практиканы ұйымдастырудың шетелдік тәжірибесі зерделенген. Бұл тарауда әлемнің бірнеше елдері мен жоғары оқу орындарының практиканы ұйымдастыруда қандай мәселелерге назар аударатындығы, басымдық беретіндігі көрсетілген.

Үшінші тарауда практиканы сапалы болуына ықпал ететін ең негізгі факторлардың бірі – білім беру ұйымы туралы жазылған. Бұл тарауда практика сапалы өтуі үшін қандай білім беру ұйымдарын таңдау қажеттігі, оларды айқындаудың өлшемшарттары негізделген. Болашақ мұғалімдерді даярлау шеңберінде педагогикалық практикадан өту үшін мектептерді таңдау процесі нақты мамандыққа, оқу бағдарламасының мазмұнына, білім беру ұйымының географиялық орналасуына, университетпен байланысу дәстүрі сияқты көптеген факторларға өзгеруі мүмкін. Сондықтан педагогикалық практиканы сапалы ұйымдастыру үшін бірқатар факторларды мұқият қарастыру маңыздылығы дәйектелген.

Қорытынды бөлімде алдыңғы тарауларда жазылған ақпараттардың қысқаша мазмұны сипатталған. Соңғы тараудағы материал оқырманға жалпы әдістемелік ұсынымдаманың мазмұнында не жазылғандығын түсінуге көмектеседі.

Әдістемелік ұсынымдар жоғары оқу орындарының, орта білім беру ұйымдарының басшылары мен педагогтеріне, әдістемелік кабинеттердің әдіскерлеріне және білім саласын басқару жүйесінде қызмет ететін мамандарға арналады.

1. Педагогикалық практиканың маңызы

Практика кез келген мамандықты игеру, кәсіпке бейімделу барысында талап етілетін маңызды элемент. Бұл кезеңде болашақ мамандар өздерінің теориялық білімдерін тәжірибеде сынаумен және тәжірибесі терең тәлімгердің жетекшілігімен қабілеттерін шындаумен шұғылданады. Болашақ кәсіби мамандардың өз саласының қыр-сырларын үйренуі, тылсым сырларын тануы, өзіндік стилі мен әдістемесін қалыптастыруы практикалық кезеңдегі процестері арқылы жүзеге асады. Сондықтан жоғары оқу орындары, жалпы белгілі бір мамандық алып шығу бойынша білім беретін басқа да оқу орындары студенттердің өз мамандығымен байланысты салада практикалық тәжірибе жинақтайтын құрылымдық оқу процесін қамтамасыз етуі заңдылық. Сапалы маман оқытуға ұмтылған оқу орны студенттердің теория мен практиканы қатар алып жүруіне мән беріп, практика кезеңін оқу бағдарламасының мазмұнына интеграциялайды.

Кәсіби практиканың мақсаты – студенттерге сабақтарда алған теориялық білімдері мен дағдыларын нақты жағдайда қолдануға мүмкіндік беру. Студенттік практика оқу саласына және білім берудегі нақты бағдарламаға байланысты әр түрлі формада болуы мүмкін. Төменгі абзацтарда кең танылған студенттік практика түрлері қысқаша сипатталған.

Педагогикалық практика – болашақ педагогтердің іс-тәжірибеде сыналуы, оның барысында олар тәлімгердің мұғалімнің жетекшілігімен сабақ береді, сыныпта жұмыс істейді. Олар тәжірибе барысында өздерінің оқытушылық қабілеттерін тексереді, тәжірибелі педагогтің көмегімен біртіндеп педагогикалық жауапкершілікті өз мойнына алады.

Денсаулық сақтау студенттерінің практикасы – медбикелер немесе медицина студенттері ауруханада немесе клиникада тәжірибелі медицина қызметкерлерінің бақылауымен жұмыс істейді. Олар пациенттерге күтім жасауға, процедураларды бақылауға және медициналық жабдықтармен практикалық тәжірибе жинауға көмектеседі.

Бизнес мамандығы бойынша практика – студенттер компанияда немесе ұйымда менеджмент, маркетинг, қаржы немесе адами ресурстарды басқару сияқты салаларда тәжірибе жинақтай отырып жұмыс істейтін, кәсіпкерлік, іскерлік және коммуникациялық дағдыларын дамытатын тәжірибе.

Инженерлік-техникалық мамандық өкілдерінің практикасы – өндіріс орындарында, құрылыста, зауыттар мен фабрикаларда өтеді. Студенттер зерттеу жүргізе алады, табиғатты қорғау шараларына қатыса алады немесе жұмыс істей алады.

Заң және әлеуметтік жұмыс практикасы – студенттер іс жүргізу, заң органдары, қоғаммен жұмыс немесе адвокатура сияқты салаларда тәжірибе жинақтай отырып, әлеуметтік қызмет көрсету ұйымдарымен немесе агенттіктерімен жұмыс істейді.

Жалпы, әрбір мамандықта өндірістік-кәсіби іс-тәжірибе болады. Себебі практика студенттерге теориялық білім мен практикалық қолдану арасындағы

алшақтықты жоюға көмектесетін құнды тәжірибе береді. Олар сондай-ақ студенттер үшін кәсіби байланыстар орнатуға және болашақ жұмыс үшін қажетті жинауға мүмкіндік бола алады.

Педагогикалық практика студенттерге тәлімгер мұғалімнің жетекшілігімен сыныпта практикалық тәжірибе жинақтауын қамтамасыз ететін оқу процесінің бөлігі. Педагогикалық практика болашақ мұғалімдерге өз білімдері мен дағдыларын нақты контексте қолдануға мүмкіндік беру, оларға тиімді және табысты мұғалім болу үшін қажетті құзыреттерді дамытуға арналған тәжірибе кезеңі. Осы кезеңде студенттер өз тәжірибесі туралы ойлануға, тәжірибелі мұғалімнен, басқа да практик педагогтерден кері байланыс пен ұсыныстар алуға мүмкіндік алады.

Педагогикалық практика сыныпта педагогикалық теория мен әдістерді қолдануды білдіреді, сабақты жоспарлау, сыныпты басқару және бағалау сияқты көптеген іс-шараларды қамтиды. Практика оқушылардың білім алуға ынтасын оятуға, олардың оқуы мен дамуын қолдауға арналған тиімді оқыту стратегиялары мен әдістерін үйретеді. Сондықтан педагогикалық практика кезінде мамандыққа жаңа келген мұғалімдер тәжірибелі педагогтің тәлімгерлігімен жұмыс істейді.

Практика болашақ мұғалімдерге сынып жағдайында практикалық тәжірибе береді, оларға тиімді мұғалім болу үшін қажетті дағдылар мен сенімділікті дамытуға көмектеседі. Педагогикалық практика кезінде жаңадан келген мұғалімдер басқа тәжірибелі оқытушыларды бақылап, олардан үйренуге, сондай-ақ шеберлік сыныптары мен тренингтер сияқты кәсіби даму мүмкіндіктеріне қатысуға мүмкіндік алады. Студенттер бастапқыда тәжірибелі педагогтерге сабақтарды жоспарлау мен өткізуге, оқушылардың үлгерімін бағалауға және сыныпты басқаруға көмектеседі.

Практикада студенттер педагогиканың тиімді принциптерін қолдануды үйренуі тиіс. 1-кестеде тиімді педагогикалық практиканың негізгі принциптеріне қысқаша сипаттама берілген.

1-кесте. Оқытудың тиімді принциптері

Принцип	Сипаты
Белсенді оқыту	Оқытылатын тақырыпты талқылауға білім алушыларды белсенді қатысуға ынталандыру, интерактивті әдістемелер қолдану. Бұл диалог жүргізу, кері байланыс сұрақтары, практикалық сабақтар, топтық пікірталастар, проблемаларды шешуге арналған жаттығулар т.б. әдістемелер арқылы жүзеге асады. Сондай-ақ, дұрыс материалдарды таңдауды, қызықты әрекеттерді әзірлеуді қамтиды.

Оқытуды бағалау	Білім алушылардың үлгерімін бақылау және олардың дамуына бағытталған кері байланысты қамтамасыз ету үшін бағалаудың түрлі әдістерін (критериальды бағалау, формативті бағалау, суммативті бағалау) қолдану.
Білім алушылардың қажеттіліктеріне бағытталған оқыту	Білім алушылардың қажеттіліктері мен мүдделеріне басымдық беру, білімді өздерінің ізденісі, тәжірибесі негізінде қалыптастыруына мүмкіндік беру. Мұндай педагогикалық көзқарас сабақты жоспарлауда оқушылардың сұрақтары мен қызығушылықтарын ескереді.
Технологияны интеграциялау	Оқытуды жақсарту және білім алушылардың ақпаратты оңай қабылдауы үшін заманауи технологиялық құралдар мен ресурстарды пайдалану. Оның ішінде компьютерлік құралдар, онлайн ресурстар, сандық медиа құралдар, аудио-видеолар.
Сыныпта жағымды атмосфера құру	Сыныпта білім алушыларға кедергі келтіретін артық заттар мен әрекеттердің болмауына мән беру. Білім алушылардың сабаққа белсене қатысуы үшін сыныпты басқарудың тиімді стратегияларын әзірлеуге назар аудару. Оқушылардың мінез-құлқын басқару да осы стратегияға кіреді.
Сараланған оқыту	Жекелеген білім алушылардың әртүрлі оқу қажеттіліктері мен қабілеттерін қанағаттандыру үшін оқытудың әдістері мен материалдарын оларға бейімдеу. Бұл оқушылардың ақпаратты қабылдау үлгеріміндегі айырмашылықтарды, тілдік кедергілерді, басқа да ерекшеліктерін ескере отырып оқытуды білдіреді.
Рефлексия	Педагогтің өз жетістіктері мен мәселелерін үнемі ойлауы және талдауы, ол талдауының нәтижесін қызметін жақсарту үшін пайдалана отырып, педагогикалық біліктілігін арттыруы.

Педагогикалық практика бағдарламаға және оқытылатын білім деңгейіне байланысты әр түрлі формада болуы мүмкін. Басқаша айтқанда педагогикалық практиканың талаптары жоғарғы оқу орнына, мұғалімдерді даярлау бағдарламасына, практикадан өтетін мектепке, географияға, пәнге немесе сынып деңгейіне байланысты өзгеруі мүмкін. Тиімді педагогикалық

практика жеке оқушылардың оқу қажеттіліктері мен қабілеттерін терең түсінуді, сондай-ақ оқуға қолайлы орта құру қабілетін қамтиды. Жалпы, педагогикалық практика көп жағдайда бірнеше кезеңдерден, нақты айтқанда қадамдардан тұрады. Келесі абзацтарда ол қадамдар туралы қысқаша баяндалады.

Педагогикалық практика мұғалімдерді даярлау бағдарламаларының міндетті құрамдас бөлігі болып табылатындықтан оның ұзақтығы бағдарламаға сәйкес өзгереді. Бағдарлама кестесіне сәйкес оның ұзақтығы бірнеше аптадан толық семестрге немесе оқу жылына дейін созылуы мүмкін. Оның мерзімі әдетте бағдарламаның талаптарымен, оқу орнының тәжірибеге көңіл бөлуімен анықталады.

Алдымен практикаға келген студенттерді білім беру ұйымымен таныстыру. Орналастыру жергілікті мектепте болуы мүмкін, кейде мектептің бағдарламасы мен ресурстарына байланысты алыс географияда орналасқан білім беру ұйымдарының базасында өтеді. Бұл кезеңде білім беру ұйымының тарихы, бағдарламасы, оқу-тәрбие процессінде басымдық беретін ерекшеліктері т.б. туралы ақпарат беріледі. Осы кезеңде әрбір студентке бекітілген тәлімгер мұғаліммен және сыныппен таныстыру да жүреді.

Екінші кезеңде студенттер тәлімгер мұғалімнің сабақ беру, білім алушылармен қарым-қатынасын бақылаумен айналысады. Практикант мұғалімдер әдетте оқытудың тиімді әдістері мен сыныпты басқару стратегиялары туралы білу үшін сыныптағы тәлімгер мұғалімнің бақылаудан бастайды. Практикадан өтушілер тәжірибелі мұғалімнің сабақ беру стилін бақылайды. Бұл болашақ мұғалімнің оқыту стилі мен сыныпты басқару әдістерін қабылдауға және жаттығуға мүмкіндік береді. Сондықтан бұл уақытты бақылау немесе білім беру ұйымына адаптация кезең деп атауға болады.

Болашақ ұстаздар бақылау кезінде тәлімгердің сабақты ұйымдастыруын қадағалайды, біртіндеп жауапкершілікті өз мойнына алуға психологиялық тұрғыдан дайындалады. Студенттер тәжірибе мен өзіне деген сенімділікке ие бола отырып, сабақты жоспарлау және өткізу, оқушылардың үлгерімін бағалау және сыныптағы жағдайды басқару сияқты мәселелерді үйренеді.

Үшінші кезеңде оқыту практикасын іске асырады. Басқаша айтқанда бұл практикадан өтушінің сабақ беру кезеңі. Алдымен сабақ барысында кішігірім топтарға немесе жеке оқушыларға ұстаздық етіп, біртіндеп бүкіл сыныпқа сабақ беруге көшу арқылы барлық оқытушылық міндеттерді өз мойнына алады. Осындай адаптациялық интеграция практикадан өтуші студенттерге өз дағдыларын дамыту мен сенімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Бұл тұста көптеген оқу орындары педагог студенттерге оқыту дағдыларын дамытуға көмектесетін семинарлар, воркшоптар сияқты шараларды параллел ұйымдастыратынын да атап өту қажет. Мұндай шаралар студенттердің кәсіби дамуы үшін маңызды.

Практиканың ең маңызды қажеттіліктерінің бірі – студенттерге сыныпта практикалық тәжірибе жинауға ғана емес, сондай-ақ олардың кәсіби

байланыстар орнатуына, болашақ жұмыс орны үшін қажет болуы ықтимал ұсынымдар жинауға мүмкіндік береді. Педагогикалық мамандық студенттері үшін практика өздерінің оқытушылық дағдыларын дамыту, сенімділікті арттыру, сабақ беруді түсіну, тәжірибелі ұстаздардан кері байланыс алу, қателіктерден сабақ түю және мемлекеттік жалпыға білім беру стандарттарына сәйкес білім алу үшін қажет.

Алдымен болашақ педагогтер теорияны практикаға қолдануды үйретеді. Педагогикалық практика арқылы студенттер курстық оқуда үйренген теорияларды нақты оқу жағдайларына қолдануға мүмкіндік алады. Бұл оларға оқыту мен білімді игеру туралы, сондай-ақ теорияны іс жүзінде қалай қолдану керектігі туралы тереңірек түсінік қалыптастыруға көмектеседі. Сондықтан тәжірибе оқытушы студенттерге сыныптағы тәжірибелері туралы ойлануға және олардың оқыту тәжірибесін қалай жақсартуға болатыны туралы ойлануға мүмкіндік береді. Басқаша айтқанда практика студенттерге тәжірибелі мұғалімдер мен тәлімгерлерден кері байланыс алуға мүмкіндік береді. Бұл кері байланыс оларға жетілдіруді қажет ететін қасиеттерді анықтауға және оқыту тәжірибесіне түзетулер енгізуге көмектеседі.

Әдетте, студенттер әр сабақ өткеннен кейін немесе әр күні өздерінің мектептегі тәлімгерлерінен, кейбір жағдайда университеттегі жауапты жетекшісінен кері байланыс алады (кейде колледж немесе жоғары оқу орнындағы жауапты оқытушылар сыныпқа барып, студенттердің тәжірибелік сабағына қатысу арқылы қолдау көрсетеді). Бұл кері байланыс студенттерге өздерінің болашақ педагог ретінде күшті және әлсіз жақтарын анықтауға, қабілеттерін жақсартуға көмектеседі, оқытушылық тәжірибесін дамыту үшін жасауы керек жаттығуларды, күшейтуі керек қасиеттер туралы мақсат қоюға итермелейді. Бұл тұста тәлімгерлер студенттерге рефлексия жасауға мүмкіндік береді. Рефлексия – педагогикалық практиканың маңызды аспектісі. Практикадан өтуші студенттер сыныптағы тәжірибелері туралы ойлануға және олардың оқыту дағдылары мен тәжірибесін қалай жақсартуға болатыны туралы пайымдауға жол ашады. Бұл рефлексия процесі студенттерге өздерінің педагогикалық дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Одан кейін болашақ педагогтер қиындықтарды жеңуді, проблемаларды шешуді үйренетін болады. Практика барысында олар мінез-құлқы қиын білім алушылармен, қабілеттері әртүрлі балалармен коммуникация құрады. Сабақ барысында, жұмыс шарттарында кездесетін күтпеген өзгерістерге дайын болуға үйренеді. Жалпы практика кезеңінде студенттер көптеген жоспарланбаған қиындықтарға тап болуы мүмкін. Бұл проблемалардың ішінде стресске алып келетін ауқымды мәселелер де болуы мүмкін. Бірақ мұндай жағдайлар жас тұлғаның есеюіне, шешім қабылдай алу қасиетінің дамуына көмектеседі.

Практика студенттің педагогикалық дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Практика барысында студенттер сыныпты басқару, сабақты жоспарлау, оқыту стратегиялары және тиімді мұғалім болу үшін қажетті басқа дағдыларды үйренеді. Сонымен қатар оқушыларды сабақ оқуға тартуды,

ынталандыруды, оқуды саралауды және жағымды оқу ортасын құруды үйрене алады. Сол себепті практика болашақ педагог даярлаудың ажырамас бөлігі болып табылады.

Практика коммуникациялық дағдылардың дамуына әкеледі. Студент оқушыларымен, ата-аналармен, тәлімгер мұғаліммен және мектептегі басқа педагогтермен кәсіби және жұмыс барысындағы қарым-қатынасты біледі. Мұндай тәжірибе, қарым-қатынас дағдысы жас маман үшін кез келген салада пайдалы болуы мүмкін.

Қателіктерден сабақ алуына мүмкіндік береді. Қателік жасау оқу процесінің қалыпты бөлігі болып табылады. Сол себепті сабақ барысында қателікке бой алдырған студент келесі жолы оны қайталамауға тырысады. Сондықтан практика болашақ педагогтерге өздерінің бойындағы жетілдіруді қажет ететін педагогикалық қасиеттерді анықтауға мүмкіндік береді.

Практиканың тағы бір артықшылығы студенттердің сабақ беруге деген сенімділігін арттыруға септігін тигізеді. Бұл сенім олардың болашақта педагог болудан жасқанбауына көмектеседі. Сабақ барысында мінез-құлқы әр түрлі оқушылармен және тәрбиеленушілермен танысу, олардың сұрақтарына жауап беріп үйрену, коммуникация құру өздеріне деген сенімділікті арттырады. Нәтижесінде олардың педагог болуға деген аландаушылығын, қорқынышын азайтуға көмектеседі. Олар сабақ сайын білім беру мен сыныпта өздерін еркін сезініп, тәуекелге бел буып, оқытудың жаңа технологиялары мен әдістерін қолданады. Бұл студенттерге педагог ретінде жұмыс істеудің алғашқы құпиялары туралы тереңірек түсінік қалыптастыруға септігін тигізеді.

Осының барлығы практикадан өтушінің маман ретінде кәсіби дамуының алғашқы іргетасын қалайды. Практика студенттерге өздерінің кәсіби желілерін дамытуға және тәжірибелі мұғалімдермен және басқа тәрбиешілермен өзара әрекеттесуге мүмкіндік береді. Бұл әрі қарайғы үздіксіз кәсіби даму үшін қажетті капитал болуы ықтимал.

Бұл тұста көптеген елдерде, оның ішінде Қазақстанда да педагогикалық практика міндетті шарт болып табылатынын ескеру қажет. Практикадан өткен студенттер осы міндетті талапты орындайды.

Практика – бұл екі қатысушы негізгі рөлде тең ойнайтын процесс. Басқаша айтқанда, практиканың сапалылығы студенттің үйрену, ал тәлімгер мұғалімнің үйрету ынтасына тікелей байланысты. Практиканың сапасына ықпал ететін келесі рөлдер білім беру ұйымының директоры мен университеттегі жетекшіге байланысты. Осы төрт қатысушы өз міндеттерін сапалы іске асырған жағдайда, олардың арасындағы коммуникация дұрыс жолға қойылған жағдайда білікті педагогтердің саны артады. Бұл төрттіктің маңыздылығы ескеріліп, келесі абзацтарда олардың практиканы сапалы өткізу бойынша қызметтері баяндалады.

Студенттің міндеттері. Практиканың сапалы болуы жоғарғы оқу орнына, мектепке, тәлімгерлерге ғана емес, студенттің үйренуге деген ынтасына да байланысты екені анық. Әрбір студент үшін педагогикалық практика оқытушы ретінде дайындықтың маңызды бөлігі болып табылады.

Бұл оқуға және өсуге тамаша мүмкіндік. Студенттер өздерінің педагогикалық практикасы кезінде тәжірибелі оқытушылардан көп нәрсені үйрене алады. Әрбір студенттің осыны түсінуі, пайдалануы маңызды. Студент тек сабақ басталар алдында ғана тәлімгермен жұмыс жасамай, өз жетекшісімен тұрақты байланыса отырып сыныптағы оқушылардың қажеттіліктеріне сәйкес сабақтарды жоспарлау және өткізуі маңызды. Тәжірибелі мұғалімдер педагогикалық практикадан өтуші студенттерге ұсынатын кеңестер 2-кестеде берілген.

2-кесте. Практикадан өтуші студенттер ескеруі тиіс кеңестер

Назар аударылатын мәселе	Мазмұны
Тәжірибелі педагогтердің сабағына қатысыңыз	Тәжірибелі мұғалімдерді сабақ үстінде бақылаңыз, олардың оқыту әдістемелері мен технологияларына, сыныпты басқару әдістеріне және білім алушылармен қарым-қатынас дағдыларына назар аударыңыз.
Сабақты мұқият жоспарлаңыз	Сабақ беруді бастамас бұрын сабақтарыңызды жоспарлауға уақыт бөліңіз. Оқу мақсаттарыңыз, сіз қамтитын мазмұн және студенттерді тарту үшін пайдаланатын әрекеттер туралы ойланыңыз. Бұл сізге ұйымшыл болуға және оқу уақытын тиімді пайдалануға септігін тигізеді.
Білім алушылармен сауатты қарым-қатынас орнатыңыз	Оқушылармен сабақтан тыс кездесуге, дұрыс қарым-қатынас орнатуға уақыт бөліңіз. Бұл сыныпта жағымды атмосфера құруға және оқушылардың белсенділігін арттыруға көмектеседі.
Тәлімгеріңізден, жетекшілеріңізден кері байланыс сұраңыз	Сабақ беру тәжірибеніз туралы кері байланыс сұраңыз және олардың ұсыныстарын ескеріңіз. Кері байланысты мұғалімдерден ғана емес, сонымен қатар студенттерден, басқа әріптестерден де алып, оқыту тәжірибеніз туралы өз пікірлерін айтуын сұраңыз. Бұл сіздің мұғалімдік дағдыларыңызды жақсартуға, оқу тәжірибесін жақсарту және жетілдіру бағыттарын анықтауға және жақсы мұғалім болуға көмектеседі.

Басқа педагогтермен жақсы коммуникация құрыңыз	Басқа педагогтерден де үйрену маңызды. Олар өздерінің оқыту әдістемелерімен, сабақ жоспарларымен және тәжірибелерімен бөлісу үшін басқа мұғалімдермен жақсы қарым-қатынас құрыңыз. Басқа оқытушылармен бірлесіп жұмыс істеу сізге оқытуда жаңа идеялар мен перспективалар бере алады.
Оқыту процесін жақсарту үшін жаңа технологияны қолданыңыз	Оқыту мен қатысу процесін жақсарту үшін оқытуға жаңа технологияны енгізіңіз. Технологиялық құралдар интерактивті және қызықты сабақтар мен бағалаулар жасауға көмектеседі және оқушылардың үлгерімін талдау үшін деректер береді.
Рефлексия	Оқытушылық тәжірибеңіз туралы ойлануға уақыт бөліңіз. Өзінің жұмысы туралы ойлану студентке мұғалім ретіндегі күшті және әлсіз жақтарын, жақсарту қажет бағыттарды анықтауға мүмкіндік береді. Мұндай рефлексия жетілдіруді қажет ететін қасиеттерді анықтауға және мұғалім ретінде дағдыларыңызды дамытуға, алға жоспарлар құруға көмектеседі.
Кәсіби даму семинарларына қатысыңыз	Оқытудың жаңа стратегияларын, технологияларын және озық тәжірибелерін үйрену үшін семинарларға, конференцияларға және басқа да кәсіби даму мүмкіндіктеріне қатысыңыз. Кәсіби даму мүмкіндіктері сізге білім берудің соңғы тенденцияларынан хабардар болуға және жаңа оқыту әдістеріне идеялар беруге көмектеседі.
Үздіксіз білім алу	Біліктілігіңізді жетілдіруді жалғастырыңыз, өмір бойы «студент» болыңыз. Педагогика туралы мақалалар мен кітаптарды оқыңыз, онлайн пікірталас форумдарына қатысыңыз және білім берудегі жаңа зерттеулер мен озық тәжірибелерден хабардар болыңыз.

Кестедегі ақпаратты қорытындылай келе, жақсы мұғалім болу – бұл рефлексияны, кері байланысты, кәсіби дамуды, ынтымақтастықты, технологияны біріктіруді және өмір бойы оқуға деген ынтаны қажет ететін үздіксіз процесс. Практика барысында білікті мұғалім болу үшін осындай дағдыларды қалыптастыру қажеттігін ұғынған және оларды күнделікті әдетке айналдыруды бастаған студенттен болашақта үздік педагог шығады.

Сонымен қатар, студенттер практика кезінде кәсібиліктің жоғары деңгейін сақтауы тиіс. Педагогтерге қойылатын талаптар, педагогикалық әдеп т.б. шарттар практикадан өтушілерге де қойылады. Бұған кәсіби киім, уақтылы келу, тәлімгер мұғаліммен, оқушылармен және ата-аналармен дұрыс қарым-қатынас жасау, этикалық және құқықтық қағидаларды сақтау кіреді. Студенттерге өздерінің педагог қоғамдастығының бір бөлшегі екенін сезініп, осы ұжымның абыройын сақтаудың маңызды екенін түсінуі қажет.

Студентке педагог болу үшін осындай дағдылардың қажеттігін түсіндіретін оның практикадағы тәлімгері болуы керек. Тәлімгер студентке үнемі кері байланыс пен қолдау көрсетіп, олардың тәжірибелері туралы ойлануына, сабақ беру дағдылары мен әдістемелерін дамытуға жақсартуына көмектеседі. Тәлімгер ретінде көп жағдайда педагогикалық қызмет саласында жетістігі жоғары, тәжірибелі мұғалім бекітіледі. Басқаша айтқанда, студентке тәлімгер етіп бекіту – бұл мектеп басшылығының мұғалімнің біліктілігін мойындауы ретінде қарастыруға болады.

Тәлімгердің міндеттері. Тәжірибелі мұғалім мен студент арасындағы қарым-қатынас педагогикалық практиканың маңызды аспектісі болып табылады. Тәлімгер мұғалім мен студент арасындағы жағымды коммуникация практиканың тиімді және толыққанды жүруіне көмектеседі. Бұл коммуникацияның дұрыс қалыптасуы көп жағдайда тәлімгерге, оның тәжірибесі мен біліктілігіне байланысты. Тәлімгер практикантпен бірлесіп жұмыс істеуге ниетті болуы, барлық мәселені ашық сөйлесуі және дұрыс ақыл-кеңестер беру арқылы студентке өзінің педагогикалық дағдыларын дамытуға көмектеседі. Тәжірибелі мұғалімнің практикант студентке қолдау көрсету әдістері, позитивті коммуникация құрудың жолдары туралы төменде жазылады.

Тәлімгер мұғалім өзіне бекітілген студенттерге практика барысында қойылатын ережелерді, талаптарды, шарттарды ашық түсіндіргені абзал. Практика басталмай тұрып ережені айқындап алу, ол одан кейінгі кезеңде кикілжіндердің болмауына мүмкіндік береді. Бұл жерде тәлімгердің барлық міндеттерді нақты тұжырымдауы маңызды. Практиканттың рөлдері мен міндеттеріне, сондай-ақ олардың тәлімгері ретіндегі өзінің рөлдері мен міндеттеріне қатысты айқын шарттар болуы керек. Студенттен не күтілетінін, кері байланысты қалай алады, қаншалықты жиі кездесу болады т.б. деталдар да келісіледі. Бұған олар жұмыс істейтін сағаттар, оларға тағайындалатын тапсырмалардың түрлері және олар алатын бақылау деңгейі сияқты нәрселер де кіруі мүмкін.

Кез келген мамандық сияқты педагогикалық саланың да өзіндік қиындықтары бар. Практика жүзінде оқытушылық тәжірибемен енді таныс болып жатқан студенттер үшін бұл қиындықтар күрделі болып көрінуі, нәтижесінде мамандық туралы көзқарасына әсер етуі мүмкін. Тәлімгер мұндай қиындықтарды жеңудің жолдары туралы кеңестер беру арқылы студенттерге қолдау көрсете алады. Сабақты жоспарлау, сыныпты басқару және оқытудың басқа аспектілері бойынша бірлесіп жұмыс істеу практикадан өтуші студентке

тәжірибелі мұғалімнен үйренуге, сондай-ақ өз идеялары мен дағдыларын қолдануға көмектеседі.

Тәлімгер практикадан өтушілерге позитивті орта қамтамасыз еткені маңызды. Бұл дегеніміз студенттер қолдауды сезінетін және тәуекелге бел буып, жаңа эксперименттерге баруын ынталандыратын орта. Сондай-ақ, студентке сұрақтар қоюға және кеңес алуға ыңғайлы атмосфера. Тәжірибелі мұғалімдер студенттер үшін сұрақтар қоюға және өз мәселелерімен бөлісуге ыңғайлы жағдай жасай алады. Басқаша айтқанда, студенттерге түрлі сұрақтар қоюда, өзін толғандыратын мәселелерімен бөлісуде ыңғайлы сезінетін кеңістік құра алады. Бұл студенттерге өздерін жайлы сезінуге және оқытушылық тәжірибе кезінде қолдау алуға мүмкіндік береді. Студенттерді сұрақтар қоюға итермелеу және диалогқа қатысуға шақыру олардың орындайтын жұмысы мен оқитын саласы туралы түсініктерін тереңдетуге көмектеседі. Тәжірибелі мұғалім практиканттың қосқан үлесін бағалап, оны көбірек жауапкершілікке тартуға шақыруы керек, ал практикант тәжірибелі мұғалімнің тәжірибесі мен сараптамалық білімін құрметтеуі керек. Жалпы, тиімді қарым-қатынас жасау, тәжірибемен бөлісу, қолжетімді болу, үнемі кері байланыс беру, рефлексияға ынталандыру және технологияны пайдалану арқылы студенттер үшін қолайлы және тартымды атмосфераны құруға болады.

Тәлімгерлердің өз тәжірибесімен бөлісуі маңызды. Тәлімгерлер оқытудың тиімді әдістері, сыныпты басқару стратегиялары, оқушыларды белсенді оқуға қалай тарту, оқытуды қалай саралау керектігі туралы өз тәжірибелерімен және білімдерімен бөліседі. Бұл тұста, педагогикалық мамандық студенттерінің білім мазмұнындағы, білім беру ұйымындағы ішкі тәртіп бойынша соңғы жаңалықтардан бейхабар болуы мүмкін. Тәлімгерлер осындай соңғы өзгерістер мен жаңалықтарды да үйрете алады.

Ашық және сауатты байланыс тәжірибелі мұғалім мен студент арасындағы оң қарым-қатынастың кілті болып табылады. Екеуі де өз ойлары мен алаңдаушылықтарын білдіруге және бір-бірінен кері байланыс пен басшылық сұрауға ыңғайлы болуы керек. Сонымен қатар, тәлімгерлер мұғалім студенттерді білім алушылармен, әріптестерімен және мектеп қызметкерлерімен танысуға, қарым-қатынас орнатуға көмектесе алады. Бұл практикадан өтушілердің мектеп қауымдастығына интеграцияланғандығын сезінуіне және педагог мамандығының міндеттерін тереңірек түсінуіне көмектеседі.

Практикаға келген студенттерді ата-аналар жиналыстарына қатыстыруы да маңызды. Бұл арқылы студент мұғалімдердің ата-аналармен қарым-қатынасын және оқушылардың оқуын қолдау үшін отбасылармен ынтымақтастықты қалай жасау керектігін бақылай алады.

Тәлімгерлер студенттерге оқыту дағдыларын жақсартуға және өздерінің оқыту стилін дамытуға көмектесу үшін үнемі кері байланыс беруі маңызды. Тәжірибелі оқытушының кері байланысы оқытушы оқушыға оқыту дағдыларын жақсартуға көмектеседі. Студенттердің күшті жақтарына да,

жақсартуды қажет ететін салаларға да назар аудару, оқыту тәжірибесін қалай жақсартуға болатыны туралы ұсыныстар беруге бағытталған кері байланысты тұрақты беру өзекті. Кері байланыс конструктивті, мазмұнды және нақты болуы керек. Ол практикадан өтушінің оқыту стилін дамытуға көмектесуге бағытталуы керек.

Практикадан өтушілерге қажетті ресурстармен қамтамасыз етуге септігін тигізу де тәлімгерлердің функциясына кіреді. Тәжірибелі мұғалімдер сабақ жоспарлары, оқу материалдары сияқты оқытушы студенттерге ресурстар бере алады. Бұл ресурстар студенттерге пайдалы болуы мүмкін. Мұндай ресурстар студентке педагогикалық қызметті сапалы орындауға және педагогикалық дағдыларын дамытуына көмектеседі.

Тәлімгерлер студенттерді рефлексияны ынталандыруға көмектеседі. Рефлексияны заманауи педагогикада оқу процесінің құрамдас бөлігі болып табылады. Студенттерге өз тәжірибелері туралы ойлануға мүмкіндік беру оларға не үйренгендерін және оны болашақта қалай қолдана алатындығын тереңірек түсінуге көмектеседі. Тәжірибелі мұғалімдер студенттерді өздерінің педагогикалық тәжірибелерін талдауға және оны қалай жақсартуға болатындығы туралы ойлануға итермелейді. Ол үшін студенттерді оқытушылық тәжірибелері туралы ойлануға және ол ойларын өзімен бөлісіне мүмкіндік береді. Практика барысында қалыптасқан рефлексия процесі студенттерді өздерінің педагогикалық дағдыларын дамыту туралы үнемі ойлануына әкеледі. Бұл оларға дамытуы қажет дағдыларын анықтауға және оны жақсарту бойынша мақсаттар қоюға көмектеседі.

Тәжірибелі мұғалімдер студенттерге педагогикалық міндеттерді біртіндеп алу жолымен болашақ педагогтің мамандықты игеру жолын барынша жатымды етеді. Мұғалім студенттерге оқытушылық міндеттерді, оқытуды бақылау және тәжірибе жасау мүмкіндіктерін біртіндеп алуды ұсынады. Олар тәлімгер мұғалімді бақылаудан және оған көмек көрсетуден бастайды, содан кейін біртіндеп сыныпта пікірталас жүргізу, сабақтарды жоспарлау және өткізу, оқушылардың үлгерімін бағалау сияқты оқу міндеттерін алады. Студенттер тәлімгердің қадағалауымен сабақ беруді өз мойнына алу арқылы практикалық тәжірибе жинауға кіріседі. Бұл оларға сабақтарды жоспарлауға, өткізуге, сыныпты басқаруға және оқушылармен жұмыс істеуге машықтануға мүмкіндік береді. Студенттер оқушыларды тарту, мінез-құлықты басқару және жағымды оқу ортасын құру әдістерін бақылау және қолдану арқылы сыныпты басқарудың тиімді стратегияларын үйрене алады. Шебер мұғалім студенттерге білім алушылармен қалай коммуникация жасау керектігін айтып, оны орындау жолдарын көрсетеді. Студенттер оқу бағдарламаларын әзірлеу және нақтылау үшін тәлімгер мұғалімдермен жұмыс істей алады, оған сәйкес материалдарды таңдау, сабақ жоспарларын әзірлеу және оқушылардың үлгерімін бағалау кіреді. Осы процесс кезінде тәлімгер мұғалім тәжірибе басшылықты, қолдауды және кері байланысты қамтамасыз етеді. Тәжірибелі мұғалімдердің қолдауымен студенттер білікті педагог болу үшін қажетті дағдылар мен сенімділікке ие бола алады.

Сонымен қатар, тәлімгердің студенттерге практика кезінде педагогикалық қоғамдастықтың мүшесі екендігін, осы ұжымда қалыптасқан мәдениетті, кәсібилікті, әдепті түсіндіруі маңызды. Бұл практиканттарға өздерінің педагог қоғамдастығының бір бөлшегі екенін сезінуіне септігін тигізеді.

Бұл тұста педагогтің өз біліктілігін көрсетіп заманауи технологияны, оқыту әдістерін қолдануы маңызды. Себебі болашақ мұғалімге тәлімгерлік ету тек студентке емес, тәжірибелі педагог үшін де өз қызметіне сынмен қараудың бір жолы. Студенттер үлгі алуы үшін технологияны қолдану ұсынылады. Бұған тапсырмаларды беру, коммуникация, бағалау, жиналыс өткізу үшін түрлі құралдарды пайдалану кіруі мүмкін. Тиімді оқыту әдістерін, технологияны қолдану жолымен тәжірибелі педагогтер студенттерге өзінің талабы жоғары екенін және олардан қандай жаңашылдықтар күтетінін көрсете алады.

Практика барысында тәлімгер мансапқа жаңа аяқ басқан студенттерге үйретіп қана қоймайды, сонымен қатар оларға үйрету үшін өзі де заманауи технологияларды, әдістемелерді, жаңалықтарды ізденуді, қолдануды талап ететін процесс. Сол себепті тәлімгерлік ету – бұл тәжірибелі педагогтің де өз біліктілігін арттыруына ықпал етеді.

Жалпы, сауатты тәлімгерлік педагогикалық практиканың маңызды аспектісі болып табылады. Тәжірибелі ұстаздар педагогикалық практика кезінде студенттерге құнды қолдау көрсете алады, дұрыс кеңестер береді. Тәлімгер студенттерге мұғалім мамандығының міндеттерін шешуге және олардың педагогикалық дағдыларын дамытуға көмектесу үшін өз тәжірибесімен бөліседі, кері байланыс жасайды, сауатты коммуникация құрады, рефлексияға ынталандырады, ресурстармен қамтамасыз етеді, практикант үшін позитивті орта құрады. Нәтижесінде тәлімгерлер студенттерге жағымды және тиімді оқыту тәжірибесін алуға көмектеседі.

Білім беру ұйымы менеджментінің міндеттері. Жалпы, білім беру ұйымының базасында практикадан өтушілердің дағдылары мен білімдерін дамытуға мүмкіндік беретін қолайлы оқу ортасын құру маңызды. Практиканың сапасына ықпал ететін келесі бір тұлға білім беру ұйымның басшылығы. Мектеп басшылығының, оның ішінде директордың практикаға көзқарасы, менеджерлік және коммуникациялық қабілеті, білім беру ұйымында қалыптастырған атмосферасы практиканың нәтижелілігіне үлкен әсер етеді.

Мектеп басшылығы практика сапасына студенттерге тәлімгерлерді бекіту және ол мұғалімдердің еңбегін бағалау, туындайтын проблемаларды шешу, студенттерге ашық болу және практикадан өтушілерге арналған біліктілік арттыру шараларын ұйымдастыру т.б. жолмен әсер етеді.

Білім беру ұйымының басшылығы практикадан өтетін студенттерге тәлімгерлерді бекітеді, сабақ беретін сыныптарды анықтайды. Осы тұста басшылықтың студенттерге білікті педагогтерді бекітіп беруі, педагогикалық

қызметте тәжірибесі жоқ студенттерге ыңғайлы сыныптарды айқындауы маңызды.

Сонымен қатар, тәлімгер ретінде бекітілген мұғалімдерді қолдауы, олардан тәлімгерліктің қалай өтіп жатқандығы туралы ақпарат алып отыруы өзекті. Мектеп директоры тәлімгерлердің жұмысын бағалауы маңызды. Басшылықтың мұндай көзқарасы тәлімгердің де өз жұмысына жауапты қарауына ықпал ететін бір шарт.

Мектеп басшылығының практика барысында міндетті түрде туындайтын проблемаларды, мәселелерді шешуде оперативті болуы қажет. Оперативтілік кез келген мәселені ушықтырмай, уақытында шешудің жолы.

Директордың практикадан өтуші студенттерге ашық болуы, олардың сұрақтарына жауап беруге дайын болуы, практика үшін қажетті ресурстармен және материалдарды қамтамасыз етуге қолдау көрсетуі өзекті. Мұндай ортада практиканттар өздерін ыңғайлы сезінеді.

Мектеп басшылығы практикадан өтуші студенттерге арналған шеберлік-сыныптары, семинарлар сияқты біліктілікті арттыру шараларын тұрақты ұйымдастыра алады. Мұндай іс-шараларды білім беру ұйымындағы ең тәжірибелі педагогтерге жүктейді. Бұл іс-шаралар студенттердің дағдылары мен білімдерін дамытуға, сондай-ақ білікті педагогтермен байланыс орнатуға мүмкіндіктер береді.

Университеттегі жетекшілерінің міндеттері. Практиканттар үшін маңызды тұлғаның бірі жоғары оқу орныны бекітіп берген жетекшінің біліктілігі. Олардың қызметі практикадан өтушілерді толғандыратын мәселелердің дұрыс шешімін табуына көмектесуімен анықталады. Дәлірек айтқанда, студенттердің тәлімгерлерімен байланысында, мектеп ішіндегі атмосферада проблемалардың тумауына мән береді. Ондай мәселелердің тез шешім табуы жетекші қызметінің сапасын айқындайды.

Жетекші көп жағдайда студенттің мүддесін қорғаушы ретінде қарастырылады. Студенттер үшін білім беру ұйымына қарағанда оқу орнындағы жетекшілері жақын көрінетіні, сол себепті көп жағдайда соған шағымданатыны, қолдау күтетіні түсінікті. Ол мектеп басшылығының, тәлімгерлердің өз студенттеріне сапалы шарттар ұсынып отырғандығын бақылайды. Егер білім беру ұйымында сапаға көңілі толмаған жағдайда жоғары оқу орнының басшылығын ескерту жолымен практика базасын ауыстыруға ұмтылады.

Сонымен қатар жетекшінің міндетіне практикаға баратын студенттерді жігерлендіру, психологиялық қолдау да жатады. Педагогикалық қызметке алғаш аяқ басқан жастарды психологиялық қолдау маңызды. Сондықтан практика барысында студенттердің жетістіктерін үнемі атап өту қажет. Олардың жетістіктерін мойындау, өз жұмыстарындағы жақсы жетістіктері мен оң өзгерістерді бағалау қажет. Практика барысында студенттердің өзі байқаған жетістіктерін атап өтуі, прогресін айтуы қажет. Бұл практикадан өтушілерге психологиялық қолдау болады.

Жетекші студенттердің өзімен қаншалықты жиі кездесетінін, сұрақтары немесе алаңдаушылықтары болса, қалай байланыса алатынын айтуы маңызды. Кез келген жағдайда өзіне сенім арта алатынына студенттердің көзін жеткізуі қажет. Олардың сұрақтарына тиянақты жауап беруге, қажет болған жағдайда қолдауға дайын болуы керек. Бұл студенттің сенімін арттыруға және қажет болған жағдайда басшылық пен қолдауды іздеуді жеңілдетуге көмектеседі.

Қорыта айтқанда, педагогикалық практика сапалы педагог даярлаудың маңызды кезеңі саналады. Практиканың сапалы өтуі оған қатысушы студентке, практиканттарды басқарушы тәлімгерге, мектеп басшылығының қолдауына және университеттегі жетекшілердің дұрыс қадағалауына байланысты.

2. Практиканы ұйымдастырудың шетелдік тәжірибесі

Бұл тарауда педагогикалық практиканы ұйымдастырудың шетелдік тәжірибесі талданады. Бұл ТМД елдерінде практиканы ұйымдастыру дәстүрі ұқсас болғандықтан әлемнің басқа да елдері, оның ішінде дамыған мемлекеттердің педагогикалық практиканы ұйымдастыру бойынша тәжірибесі зерделенеді. Соның нәтижесінде ол елдердің озық тұстары айқындалып, ретрансляциялауға болатын компоненттер ұсынылады.

Педагогикалық мамандық студенттерін оқыту процедурасы әр елдің білім беру жүйесінің ерекшеліктеріне, қалыптасқан тарихи-мәдени дәстүрлеріне, оқыту тәсіліне байланысты өзгереді. Педагог болғысы келетін тұлғаларға қойылатын талаптар да мемлекеттерге байланысты ерекшеленеді. Сондықтан болашақ педагогтерді даярлау, оқыту әдістері, оның ішінде практиканы ұйымдастыру әр елде әр түрлі болып келеді. Дегенмен, педагогикалық практиканың мазмұны мен мақсаты ұқсас – студенттерді нақты сынып жағдайында оқыту тәжірибесінен өткізу, мектеп атмосферасымен және педагогикалық ортаның мәдениетімен таныстыру, білікті педагогтердің көмегімен тәлімгерлікті қамтамасыз ету. Практика барысында педагогикалық қызметпен танысу, бақылау, тәлімгерге көмектесу және сабақ беру арқылы студенттер педагогикалық дағдыларын дамытады деп күтіледі.

Педагогикалық практика басқа да өндірістік тәжірибе сияқты негізінен жоғары оқу орнындағы мұғалімдерді даярлау бағдарламасының соңғы жылында жүзеге асырылады. Оның ұзақтығы бірнеше айдан бір семестрге дейін, тіпті кейбір бағдарламалар шеңберінде бір жылға дейін созылады. Практиканың процедуралары ұқсас, алдымен студенттер белгілі бір мектептің базасында тәлімгер мұғалімге бекітіледі, одан кейін оның көмекшісі бола жүріп педагогикалық іс-әрекетті бақылайды, уақыт өте келе біртіндеп оқытушылық міндеттерін өз мойнына алып, сабақ береді.

Келесі абзацтарда шет елдердегі педагогикалық мамандық студенттерінің практикасын ұйымдастыру тәжірибесінің ерекшеліктері келтірілген.

Ұлыбританияда студенттердің педагогикалық практикасы. Ұлыбританияда педагогикалық практикаға көп мән беріледі және болашақ педагогтерді даярлау бағдарламаларының мазмұнының әдетте негізгі құрамдас бөлігі болып табылады.

Ұлыбританияда педагог болғысы келетін тұлғалар «мұғалім мәртебесін»¹ алуы міндетті болып табылады. Бұл мәртебені немесе сертификатты алу үшін үміткерлер бірнеше шартты орындауы керек. Диаграммада Англия мен Уэльсте педагог мамандығына қойылатын талаптар берілген.

Бұл тұста Ұлыбританияның төрт автономды мемлекеттен (Англия, Уэльс, Шотландия және Солтүстік Ирландия) құралғандығын, сол себепті

¹ Ағылшын тілінде «qualified teacher status» немесе QTS деп аталатын аббревиатурамен танымал.

көптеген салалар сияқты педагогтерді даярлау мен жұмысқа қабылдау саласында да әр өңірге байланысты ішінара ерекшеліктердің бар екенін айтып өткен жөн.

Англия мен Уэльсте мұғалім мәртебесін алу

- ❖ Англия мен Уэльсте педагог болу үшін QTS (мұғалім мәртебесі) талап етіледі.
- ❖ QTS алу үшін алдымен арнайы мұғалімдерді даярлаудың бастапқы курсынан керек. Ағылшынша initial teacher training (аббревиатура – ИТТ) деп аталатын бұл «мұғалімдерді даярлаудың бастапқы курсы» деген мағынаға келеді. Бұл көп жағдайда 1 жылдық курс болып табылады. Алайда педагог болу үшін сол бағытта жоғары оқу орнын аяқтағандығы туралы бакалавр дипломы талап етіледі. Сол себепті мұғалімдерді даярлау курсы – болашақ мұғалімдерді педагогиканың теориясы мен практикасын оқытуға негізделген курс деуге болады.
- ❖ Курсты аяқтағаннан кейін, сынақтарды сәтті тапсырған үміткер QTS сертификатын алады².

Диаграммада Англия мен Уэльсте педагог болу үшін қажетті бір ғана жолдың процедуралары көрсетілген. Педагог болудың бұдан басқа да көптеген жолдары бар екенін айтып өту қажет. Олар туралы толығырақ мына сілтемеде³.

Мұғалімдерді даярлаудың бастапқы курсы практикаға үлкен мән береді. Педагогикалық теория мен білім берудің заманауи жаңалықтары туралы теориялық білім беру де оқыту бағдарламасында болғанымен негізінен оқыту тәжірибесіне басымдық беріледі. Сынып жағдайында студенттер тәлімгер-мұғалімнің жетекшілігімен жұмыс істейді, сонымен қатар өздерінің педагогикалық дағдыларын дамыту үшін тренингтерге қатысады.

Бұл курсқа қабылданған студенттердің оқуы әдетте мектеп жағдайында педагогикалық практика сияқты өтеді. Оның ұзақтығы курсты ұйымдастырушының бағдарламасына қарай бірнеше айға созылады. Әдетте орташа алғанда бұл практиканың оның ұзақтығы 120 күн шамасында. Оқу кезінде студент мектепке тіркеледі және тәлімгер мұғалімнің жетекшілігімен жұмыс істейді. Оқу барысында практиканттар тәлімгерінен үнемі кері байланыс алады және тәжірибелерін жақсарту үшін үнемі рефлексия және өзін-өзі бағалау жүргізледі⁴.

² What is qualified teacher status (QTS)? Электронды ресурсы: <https://getintoteaching.education.gov.uk/what-is-qts>

³ Routes into teaching. Электронды ресурсы: <https://www.prospects.ac.uk/jobs-and-work-experience/job-sectors/teacher-training-and-education/routes-into-teaching>

⁴ Teacher training. Электронды ресурсы: <https://getintoteaching.education.gov.uk/train-to-be-a-teacher/initial-teacher-training>

Мұғалімдерді даярлаудың бастапқы курсы практиканың мазмұны курсты ұйымдастырушыға байланысты өзгереді, бірақ әдетте бірқатар іс-шараларды қамтиды.

Практиканттар бастапқы кезеңде тәжірибелі мұғалімдер өткізетін сабақтарды бақылау және олардан үйренуге ұмтылады. Студенттер сыныптағы тәжірибелі мұғалімдерді бақылап, не үйренгендері туралы рефлексия жасауына басымдық беріледі. Тәлімгердің сабақ беруін бақылау оқу процесінің ажырамас бөлігі болып табылады және оқытушы студенттерге өздерінің педагогикалық стилін дамытуға көмектеседі.

Одан кейінгі кезеңде сабақ беру және сынып жетекшісі болу міндеттерін орындай бастайды. Тәлімгердің жетекшілігімен сабақтарды жоспарлау және өткізу студенттер алға жылжыған сайын оқытушылық міндеттерді көбірек алады, бұл олардың педагогикалық дағдыларын дамытуға және сынып жетекшілерінің функцияларын үйренуге мүмкіндік береді.

Бастапқыда практикадағы мұғалімдер тек сабақ берумен айналысса, уақыт өте келе оларға сабақ үлгерімін бағалау мүмкіндігі беріледі. Практиканттар оқушылардың үлгерімін бағалауды меңгереді. Ата-аналар жиналыстарына және басқа да мектеп іс-шараларына қатысу арқылы коммуникациялық, ұйымдастырушылық және жауапкершілік дағдыларын дамытады.

Практика бойынша студенттер өздерінің тәлімгерлерінен, тьюторларынан өз дағдыларын дамытуға қажетті кеңестер алады. Бұл курс шеңберінде студенттер өздерінің педагогикалық тәжірибелері бойынша бағаланады, бұл олардың оқытушы ретінде сертификатталуының міндетті шарты болып табылады. Бағалау олардың сыныптағы үлгеріміне, сабақты жоспарлауға және басқа да негізгі оқыту дағдыларына негізделген.

Ұлыбританиядағы педагогикалық практика болашақ мұғалімдердің практикалық тәжірибе жинақтауына және сыныпта өз дағдылары мен өзіне деген сенімділігін дамытуға негізделген. Оған қатысушы болашақ педагогтерге тәжірибелі оқытушылардан сабақ алуға, оқу жоспары мен оқушылардың оқу қажеттіліктері туралы тереңірек түсінік алуға, сондай-ақ өздерінің оқыту стилі мен әдістемелерін дамытуға мүмкіндік беріледі. Нәтижесінде студенттер білікті және табысты мұғалім болу үшін қажетті практикалық құзыреттер мен теориялық білімге ие болады.

Болашақ мұғалімдер практикадан өтетін мектептерді тандаудың критерийлері курсты ұйымдастырушы ұйымға байланысты өзгереді. Электронды сілтемеде Оксфорд университетінің практика базасы ретінде көрсетілген серіктес мектептері туралы ақпарат берілген⁵.

Дегенмен мектепті таңдау барысында мынандай ортақ критерийлерді байқауға болады.

⁵ PGCE: PARTNERSHIP SCHOOLS. Электронды ресурс: <https://www.education.ox.ac.uk/study/pgce/>

Біріншіден, курсты ұйымдастырушылар, оның ішінде университеттер жақын маңдағы білім беру ұйымдарымен серіктестік орнатуға тырысады. Бұл студенттердің қатынасы үшін жеңіл.

Екіншіден, мектептер формасының, оқу бағдарламасының әртүрлі болуына мән береді. Мұнда жеке және мемлекеттік, мемлекеттік стандарттар және бағдарламалар шеңберінде білім беретін және өздерінің жеке бағдарламалары шеңберінде оқытатын мектептер, инклюзивті мектептер т.б.

Үшіншіден, көбіне студенттер екі мектепте практикадан өтеді. Бұл жоғарыдағы ерекшеліктерге байланысты әртүрлі мектептерде тәжірибе жинауына мүмкіндік беруді қамтамасыз етуге бағытталған. Соның нәтижесінде студенттер әртүрлі мектептердің ерекшеліктерімен таныс болып шығады. Бұл өз кезегінде олардың жұмыс табуын оңайлатады.

Алайда мұғалім мәртебесін алу бірден педагог ретінде сабақ беруді білдірмейді. Көп жағдайда QTS алғаннан кейін жұмысқа орналасқан педагогтер «бастауыш мұғалім» немесе «жаңа мұғалім» деген атпен 2 жыл сынақтан өтеді. Бұл жаңадан келген мұғалімдерге тәжірибелі оқытушылармен қатар жұмыс істеу және оқушылардың оқуы мен дамуына үлес қосу арқылы педагогикалық тәжірибесін молайтуға мүмкіндік береді. Осы екі жыл ішінде қызметке жаңа кірген педагог білікті мұғалімдерден үйренеді. Сол себепті осы екі жылды да практика немесе тағылымдама ретінде қарастыруға болады.

Сынақ мерзімі

- ❖ Англия мен Уэльсте мұғалім мәртебесін алғаннан кейін жаңадан жұмысқа орналасқан педагог екі жылдық сынақ кезеңнен өту керек (Ағылш. Induction years).
- ❖ Сынақ кезеңінде жас педагогке тәлімгер бекітіледі, жеңіл оқу жүктемесі беріледі және өзінің кәсіби даму бағдарламасы болады.
- ❖ Осы уақыт ішінде сынақтан өтуші жас педагог өзінің Педагог стандарттарына сәйкес келетінін көрсетуі керек.
- ❖ Тек осыдан кейін ғана сынақтан өтуші «мұғалім лауазымына толық сәйкес» (Ағылш. - fully qualified teacher) көрсетеді.⁶

Ұлыбританиядағы педагогикалық практика ұйымдастыратын оқу орындары студенттерге нақты практикалық тәжірибе ұсынумен шектелмей, сонымен қатар оларға қажет қолдаудың барлық түрін беруге ұмтылады. Педагогикалық практика бағдарламасы кезінде студенттерге басшылықты, кері байланысты және қолдауды тек тәлімгер ғана емес, сонымен қатар университеттегі жауапты профессорлық-оқытушылық құрам белсенді жұмыс жасайды. Студенттер сонымен қатар семинарларға, тренингтерге және

⁶ How to become a teacher. Электронды ресурс: <https://www.prospects.ac.uk/jobs-and-work-experience/job-sectors/teacher-training-and-education/how-to-become-a-teacher>

оқытушылық дағдыларын жақсартуға көмектесетін басқа да кәсіби даму шараларына қатысады.

Плимут университеті (University of Plymouth) білім беру ұйымын таңдау критерийлері ⁷

Плимут университеті «мұғалімдерді даярлаудың бастапқы курсы» бағдарламасы болашақ мұғалімдердің мұғалім мәртебесі стандарттарын орындауға қажет білім, дағдылар мен түсініктерді алуына сай әзірленген.

Сондықтан мектептермен, колледждермен, басқа да оқыту провайдерлерімен және агенттіктермен серіктестік орнатады. Барлық серіктестер сыныптағы практиканы қолдау және дамытумен қатар, жүйелі шолу және қайта әзірлеу циклі арқылы оқу бағдарламаларын жетілдіруге ұмтылады.

Серіктестік критерийлері

Университеттерінің серіктестері келесі іріктеу критерийлерінің жиынтығы негізінде анықталады.

❖ Оқыту мен оқу сапасы (Ofsted⁸ жариялаған соңғы есепті негізге ала отырып).

❖ Мұғалімдерге арналған кәсіби стандарттарды көрсетілген талаптарың орындалуы.

❖ Практикадан өтушілерге сапалы кәсіби тәжірибе үшін жағдай жасауы.

❖ Қауіпсіздікті ескеруі – балаларға, жастарға және мүмкіндігі шектеулі адамдарға қауіпсіз орта болуы керек.

❖ Балалармен, жастармен немесе мүмкіндігі шектеулі адамдармен ересектермен жұмыс істейтін қызметкерлердің, волонтерлердің және практиканттардың арнайы тексерулер нәтижесінде жұмысқа қабылдау процедураларының болуы.

❖ Кемсітушілікке жол бермеу, тең мүмкіндіктер, соның ішінде нәсілдік теңдікті ілгерілетуге арналған тиімді саясатының болуы.

❖ Мінез-құлықты басқару бойынша мектепте айқын саясаттың болуы.

❖ Бүкіл мектеп ұжымының мүшелері топтық жұмыс және басқа да ынтымақтастық шаралары арқылы басқаларды дамытуға берілгендігін көрсетуі.

⁷ University of Plymouth. Электронды ресурсы: <https://www.plymouth.ac.uk/student-life/your-studies/academic-services/education-partnerships/aims-criteria>

⁸ Ofsted (Office for Standards in Education, Children's Services and Skills) – Білім беру, балаларға қызмет көрсету және дағдылар саласындағы стандарттар кеңсесі. Бұл кеңсе барлық жастағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге берілетін білім мен дағдылардың сапасын тексереді. Сондай-ақ балалар мен жастарға қамқорлық көрсететін мекемелердегі қызметтердің сапасын да тексереді.

- ❖ Практиканттармен жұмыс істеуге мүмкіндік беру және басқа да шаралар арқылы репетиторларды/тәлімгерлерді қолдауға бағытталған саясаттың болуы.
- ❖ Педагогикалық этика кодексінің талаптарына сәйкес келетін арнайы (инклюзивті) білім беруді қажет ететіндерге арналған тиімді саясатының болуы.
- ❖ Тиісті серіктестік келісімшартында белгіленген процедуралар мен талаптарды ескере отырып, серіктестік шартына қол қоюға ынталы болуы.
- ❖ Барлық мектеп ұжымының үздіксіз кәсіби дамуын қамтамасыз етуге бағытталған жұмыстардың жүргізілуі.
- ❖ Оқу жоспарын құрудағы оң тәжірибесінің болуы.
- ❖ Білім жетілдіру ұйымдарында тренер ретінде жұмыс істейтін қызметкерлерінің көмегімен әзірленген сапалы оқытудың үлгілерін қамтамасыз етуі.
- ❖ Практиканттардың өз міндеттерін сапалы орындауына қажет ақпараттық-коммуникациялық технологияларға және басқа да ресурстарға қолжетімділігін қамтамасыз етуі.
- ❖ Университет серіктестік шарты шеңберінде сұрататын/талап ететін ақпаратты беруі.

Осылайша, Ұлыбританиядағы студенттік оқыту практикасы – бұл болашақ мұғалімдер үшін сыныпта практикалық тәжірибе жинауға, олардың педагогикалық дағдыларын дамытуға, нәтижесінде сертификатталған мұғалім болуға мүмкіндік беруге негізделген. Одан кейін жаңа жұмысқа орналасқан педагогтер екі жыл жеңіл жүктемемен сынақтан өтеді. Бұл процестің барлығы тәжірибелі тәлімгерлерінің жіті қадағалауымен жүреді. Соның нәтижесінде білікті педагог кадрлар іріктеледі.

Америка Құрама Штаттарында педагогикалық практика. Америка Құрама Штаттарында (АҚШ) білім беру ұйымында жұмыс жасау үшін педагог сертификаты талап етіледі. Ол сертификатты алу үшін үміткер бірқатар талаптар мен шарттарға сәйкес болуы керек. АҚШ федералды мемлекет болғанына байланысты, педагог болғысы келетін үміткерлерге қойылатын талаптар мен штаттарда ішінара айырмашылықтар болуы мүмкін. Дегенмен барлығына ортақ жалпы шарттар былай болып келеді:

1. бакалавр дипломы талап етіледі;
2. мектеп базасында педагогикалық практиканың болуы;
3. педагог сертификатының болуы.

Бұл тармақтардың ішінде екінші «мектеп базасында педагогикалық практиканың болуы» осы әдістемелік ұсынымдаманың нысанына қатысты.

АҚШ-та педагогикалық практика мұғалім сертификатын алудың міндетті шарты болып табылады. Болашақ мұғалім тәлімгердің жетекшілігімен сынып жағдайында практикалық тәжірибеден өткендігін растауы керек. Бұл жерде бағдарлама мен талаптарға, білім беру деңгейлеріне

және пәндік салаларға байланысты өзгешеліктер болуы мүмкін. Педагогикалық практиканың ұзақтығы, тәжірибе өткен сағат санының ұзақтығы да назарға алынады. Әдетте студенттердің педагогикалық практикасының ұзақтығы семестрге немесе жылға созылады.

Бұл практикадан өтудің бірнеше жолы бар. Біріншіден, бірқатар университеттердің педагогикалық мамандықтарында бұл практика оқыту бағдарламасында қарастырылған. Сол себепті студенттер сабақ барысында практикадан өту мүмкіндігіне ие болады. Сонымен қатар, практикаға негізделген пост-бакалавр немесе магистрлік оқыту бағдарламалары бар. Ал, университет жағдайында практикадан өте алмаған болашақ мұғалімдер педагогтер әзірлейтін түрлі курстар мен оқыту бағдарламаларында оқу арқылы оқытушылық тәжірибе жинайды. Үшіншіден, білім беру ұйымының базасында нұсқаушы, педагог-ассистент, ерікті болып жұмыс жасау жолымен де кейбір үміткерлер өзінің практикалық тәжірибесі барлығын растай алады⁹.

Мұғалімдерді даярлау бағдарламалары әдетте оқытушылық тәжірибеге айтарлықтай назар аударуды қамтиды, өйткені бұл болашақ мұғалімдерді өз мамандықтарына дайындаудың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Практика кезең көбіне сыныптағы тәжірибелі мұғалімдерді бақылаудан басталады. Бұл болашақ мұғалімдерге оқытудың тиімді әдістерін жақсырақ түсінуге және бұл әдістерді қалай жүзеге асыруға болатынын үйренуге көмектеседі.

Білім алушыларға сабақ беру мұғалімдерді даярлау бағдарламаларының, нақ айтқанда педагогикалық практиканың көпшілігінің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады. Практиканттар тәлімгер мұғалімнің жетекшілігімен сабақ беру және сынып жетекшісі болу жұмыстарын оқушылар жүргізеді. Бұл мұғалімдерге өз білімдері мен дағдыларын іс жүзінде қолдануға және өздерінің педагогикалық практикасы туралы тәлімгерден кері байланыс алуға мүмкіндік береді.

Рефлексия педагогикалық практиканың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламалары көбінесе оқыту барысында рефлексияның маңыздылығына акцент береді. Рефлексия практиканттың және болашақ маманның педагогикалық тәжірибесі туралы ойлану, нәтижелерді талдау және қажет болған жағдайда өзгерістер енгізу дағдыларын қалыптастыруға негізделеді.

Технологияны қолдану: қазіргі уақытта мұғалімдерді даярлаудың көптеген бағдарламалары оқытуды басқару жүйелерін, онлайн ынтымақтастық құралдарын және сандық бағалау құралдарын пайдалану сияқты оқыту тәжірибесінде технологияларды пайдалануды қарастырады.

⁹McPherson L. The Beginner's Guide on How to Become a Teacher. Электронды ресурс: <https://www.teachercertificationdegrees.com/become/>

Бұл мұғалімдерді кәсіби мансабында кездесетін технологиямен жабдықталған сыныптарға дайындауға көмектеседі.

АҚШ-та әлі педагог сертификатын алмаған, бірақ сол үшін талап етілетін мектеп базасында педагогикалық практикадан өту аясында сабақ беруші тұлғаларды «қызметіне кіріспеген педагог» (ағылш. pre-service teacher) деген атпен танымал. Төмендегі диаграммада мұндай тұлғалар жұмысының мазмұны қысқаша сипатталған.

Қызметіне кіріспеген педагог

«Қызметіне кіріспеген педагог» термині бұл тұлғалардың әлі де сертификатталған мұғалім мәртебесін алу процесінде екенін және толық сертификаттау талаптарын әлі орындамағанын білдіреді.

Қызметіне кіріспеген педагог – колледжде немесе университетте мұғалімдерді даярлау бағдарламасын аяқтап, сертификатталған мұғалім болуға дайындалып жатқан адам. Қызметіне кіріспеген педагог әдетте білім беру, педагогика және оқыту әдістері бойынша курстық жұмыс жасады, сондай-ақ тәлімгердің бақылауымен сабақ беру практикасынан өтеді. Бұл тәжірибенің мақсаты-жұмысқа дайындалып жатқан мұғалімдерге нақты сынып жағдайында оқушылармен практикалық тәжірибе беру.

Мұғалімдерді даярлау бағдарламасы кезінде жұмысқа орналасуға дайындалып жатқан мұғалімдер әдетте баланың дамуы, оқу бағдарламаларын әзірлеу, білім беру психологиясы, сыныпты басқару және бағалау сияқты пәндер бойынша курстардан өтеді.

АҚШ-та жоғары оқу орындарының студенттерді оқыту бағдарламасы университеттерге байланысты өзгеруі мүмкін. Бірақ танымал университеттердің барлығында педагогикалық мамандық студенттеріне нақты мектеп базасында, сынып жағдайында практикалық тәжірибе мен тәлімгерлік қарастырылған. Университеттер сонымен қатар практикадан өтуші студенттерге қосымша шаралар ұйымдастырады. Мысалы, семинарлар, шеберлік-сыныптары немесе рефлексиялық сессиялар өткізу жолымен болашақ педагогтердің оқытушылық дағдыларын дамытуға септігін тигізеді. Төменде Колумбия университетінің педагогикалық практика ұйымдастыру тәжірибесі берілген.

Колумбия университетінде педагогикалық практика ұйымдастырудың ерекшеліктері

Колумбия университеті мұғалімдерді даярлау бағдарламасы аясында практикалық тәжірибе ұсынады. Педагогикалық практика әдетте бағдарламаның соңғы семестрінде өтеді. Практика кезінде студенттер мемлекеттік немесе жеке мектепте тәжірибелі оқытушылармен қатар жұмыс істейді. Бағдарлама студенттерге нақты сынып жағдайында практикалық тәжірибе алуға және тиімді мұғалім болу үшін қажетті дағдылар мен білімді дамытуға мүмкіндік береді. Студенттер сабақ беру, сыныпты басқару және студенттермен және олардың отбасыларымен жұмыс істеу арқылы практикалық оқытушылық тәжірибе жинайды. Студенттік педагогикалық практика мектептегі тәлімгердің де, Колумбия университетінің оқытушысының да жетекшілігімен өтеді. Студенттер сонымен қатар кәсіби дамуын қолдауға және рефлексия мен кері байланыс мүмкіндіктерін ұсынуға арналған семинарларға қатысады. Колумбия университетінің білім беру колледжінде студенттерді оқыту әдетте бағдарлама талаптарына байланысты семестрге немесе жылға созылады. Колумбия университетінің мұғалімдерді даярлау бағдарламасы жоғары бәсекеге қабілетті және күшті академиялық дайындықты, сондай-ақ балалармен немесе жастармен бұрынғы тәжірибені қажет етеді. Бағдарлама студенттерді білім беру саласындағы тиімді педагогтар мен көшбасшылар болуға дайындауға арналған.

АҚШ-тағы жоғары оқу орындары «университеттің үшінші миссиясы»¹⁰ түсінігі шеңберінде жергілікті қоғамдастықтың дамуына үлес қосуға ұмтылады. Бұл миссияны іске асыруға әсіресе ірі университеттер мән береді. Осы бағыттағы жұмыстардың бір бөлігі университет орналасқан аумақтағы білім сапасын арттыруды қамтиды. Оның аясында жергілікті білім беру ұйымдарымен тығыз қарым-қатынас орнату жолымен өзара тиімді тәжірибе алмасуға тырысады. Университеттер педагогтердің біліктілігін арттыруға, білім саласындағы зерттеулерді бірігіп іске асыруға көмектеседі, өз кезегінде мектептер практиканттар қабылдауға, мектептер базасында эксперименттер өткізуге мүмкіндік береді. Келесі кестеде Гарвард университетінің педагогикалық практика ғана емес, жалпы университеттердің заманауи миссиясы шеңберінде өзі орналасқан аумақта оң өзгеріс әкелу жолындағы қызметі және практика ұйымдастыру ерекшелігі туралы қысқаша ақпарат беріледі.

Гарвард университетінде педагогикалық практика ұйымдастырудың ерекшеліктері

Гарвард университеті айналасындағы ортамен байланыстарды нығайту және балаларға, отбасыларға, мұғалімдерге, мектептерге және өз

¹⁰ Что такое третья миссия и зачем она Вышке? Электронды ресурс: <https://www.hse.ru/our/news/423694603.html>

білімін жетілдіруге тырысушыларға білім беруді қамтамасыз ету жолымен өзінің оқыту, зерттеу және білім алу миссиясын жергілікті қоғамдастықтарға таратуға ұмтылады.

Осындай мақсатпен Гарвард университеті жергілікті білім беру жүйесін дамытуға, педагогтердің біліктілігін арттыруға бағытталған бірнеше жобаны іске асырып отыр¹¹.

Бұл тұста жалпы Гарвард университетінде жергілікті қоғамдастықпен жұмыс жақсы жолға қойылғандығын, осы бағытқа жауап беретін арнайы штаттың барлығын айтып өту керек.

Білім саласында жергілікті мектептермен, мұғалімдермен, білім саласындағы көшбасшылармен тығыз жұмыс жүргізіледі.

Серіктес мектептер арасынан студенттер практикалық база таңдағаннан кейін Гарвард оқытушылары мен қызметкерлері мектептің демографиясына, оқу жоспарына және мұғалімдердің біліктілігіне шолу жасайды. Олар осындай шолу арқылы мектептердің сапалы практика өткізу әлеуетін бағалайды.

Бұл тұста, Гарвард университеті студенттердің мансаптық жоспарларын да ескереді. Бұл жерде студенттің академиялық бағыты, мансаптық мақсаттары, жеке қажеттіліктері мен қалауы сияқты факторлар қарастырылады.

Гарвард университеті студенттердің практикалық тәжірибеге жан-жақты дайындалуына үлкен көңіл бөледі. Осы мақсатта студенттерге арналған қосымша оқыту шаралары, психологиялық қолдау т.б. жұмыстар практика басталмас бұрын да, практика барысында да көрсетіледі. Осы оқыту шаралар аясында студенттерге практикалық тәжірибеде қандай мәселелерге мән беру керектігі, талаптар, коммуникацияны жетілдіру, әдістемелерді түсінуге көмектесетін сабақтар, семинарлар ұйымдастырылады.

Мұғалімдерді даярлау бағдарламалары бойынша педагогикалық практикадан өту үшін мектептерді таңдау процесі нақты бағдарламаға және оны ұсынатын университетке байланысты өзгеруі мүмкін. Дегенмен, университеттер оқытушылық тәжірибеге мектептерді таңдауда ескеретін бірқатар факторлар келесі абзацтарда сипатталады.

Географиясы – университеттер ескеретін алғашқы факторлардың бірі білім беру практикасы мектептерінің орналасқан жері. Бұл мектептер университетке жақын орналасуы немесе бағдарлама студенттерінің тұрғылықты жеріне жақындығы негізінде таңдалады.

Мектептердің демографиясы – университеттер педагогикалық практика өтетін мектептердің демографиясын да қарастыруы мүмкін. Мысалы, олар

¹¹ Harvard University. Электронды ресурсы: <https://community.harvard.edu/education> ;
<https://edportal.harvard.edu/public-school-partnerships> ;
https://community.harvard.edu/files/comm/files/harvard_university_community_engagement_2017.pdf

әртүрлі оқушылар контингенті бар мектептерді, оның ішінде түрлі әлеуметтік топтардың барлығын ескеруі мүмкін. Бұл – болашақ педагогтерді әртүрлі жағдайға даярлау үшін қажет. Мұндай әртүрлі контингенті бар мектепті практикалық база ретінде таңдаудың бір артықшылығы – болашақ мұғалімдер жұмыс іздеу барысында қиындыққа тап болмайды. Себебі, АҚШ-та меншіктік формасына, білім алушылардың шыққан тегіне, мектеп орналасқан аумақтың әлеуметтік-экономикалық ахуалына т.б. байланысты мектептердің әлеуеті өзгереді. Сәйкесінше мектептер де педагог іздегенде өздерінің ерекшеліктеріне сай талаптар қояды.

Мектептің беделі – білім сапасы бойынша көрсеткіштер, жергілікті немесе федералды деңгейде танымалдылығы қарастырылады. Бірқатар университеттер академиялық қатаңдығымен, тиімді оқыту тәсілдерімен және жағымды оқу ортасымен аты шыққан мектептерді өндірістік база ретінде таңдауға ұмтылады. Мұндай мектептерден практикадан өту, түлектің еңбек нарығындағы бәсекелігін арттырады.

АҚШ университеттерінің басым бөлігі сол аумақтағы түрлі ұйымдармен, оның ішінде мектептермен және мектепке дейінгі ұйымдармен серіктестік орнатады. Кейбір жағдайларда университеттер белгілі бір аудандармен серіктестік келісімдер жасайды, оның нәтижесінде сол аудандағы барлық мемлекеттік білім беру ұйымдары университетпен тығыз жұмыс жасай алады. Бұл серіктестік меморандумы шеңберінде тек студенттердің практикасы ғана емес, басқа да көптеген салаларда өзара жұмыс жасайды. Серіктестік аясында мектеп мұғалімдері университет базасында теориялық білімдерін дамытады, ал университеттегі зерттеушілер болса сынақ өткізе алады. Сонымен қатар, серіктестік келісім студенттердің сол мектептерге жұмысқа орналастыруды жеңілдету шарттары да қарастырылуы мүмкін^{12;13}.

Ресурстар мен жабдықтардың болуына мән беріледі. Педагогикалық практика базасы ретінде таңдалатын білім беру ұйымдарының қажетті материалдық-техникалық базамен жабдықталуына көңіл аударылады. Жоғары оқу орындары практикант студенттер үшін тиімді оқыту тәжірибесін қамтамасыз ете алатын жеткілікті сыныптары, технологиялық ресурстары және басқа да жабдықтары бар мектептерді іздейді.

Университеттер баса назар аударатын мәселенің бірі мектептегі педагогтердің сапалық құрамы. Студенттерге қолдау көрсететін және дұрыс педагогикалық мәдениет қалыптастыра білетін тәжірибелі мұғалім-тәлімгерлердің барлығын қарастырады. Мұндай тәжірибелі болашақ мұғалімдерге практика барысында құнды ұсыныстар, кері байланыс және қажетті қолдау көрсете алады.

¹² What is School-University Partnerships. Электронды ресурсы: <https://www.igi-global.com/dictionary/school-university-partnerships/66637>

¹³ MacDonald, M.F. and Dorr, A., 2006. Inside school-university partnerships: Successful collaborations to improve high school student achievement. *Los Angeles: Los Angeles County Office of Education and University of California.*

Қысқаша айтқанда, АҚШ-тағы педагогикалық практика – бұл болашақ мұғалімдер үшін сыныпта практикалық тәжірибе жинауға, олардың педагогикалық дағдыларын дамытуға және сертификатталған мұғалім болу үшін жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Бұл процесті университеттер, жергілікті білім органдары ұйымдастырады. Сондай-ақ, педагогтерді даярлау бағдарламалары шеңберінде практикадан өту үшін мектептерді таңдауда болашақ мұғалімдердің дағдылары мен білімдерін дамытуға кең мүмкіндіктер беру мақсатында бірқатар факторларды мұқият қарастырады.

Австралияда педагогикалық практика. Австралиядағы студенттік оқыту практикасы мұғалімдерді даярлау бағдарламаларының ажырамас бөлігі болып табылады, бұл болашақ мұғалімдерге табысты педагог болу үшін қажетті практикалық тәжірибе береді деп есептеледі. Австралиядағы студенттердің оқу тәжірибесі ұзақтығы бойынша әр түрлі болуы мүмкін, бірақ әдетте бағдарлама мен штат талаптарына байланысты 4-12 апта аралығында болады. Практика бағдарлама мен талаптарға байланысты әртүрлі оқу деңгейлерінде және әртүрлі пәндік салаларда оқытуды қамтуы мүмкін. Студенттерді оқыту дағдыларын дамытуға көмектесу үшін тәлімгер бақылайды. Сонымен қатар, қосымша қолдау және бағалау үшін университет супервайзері де тағайындалуы мүмкін.

Студенттер өздерінің педагогикалық тәжірибелері бойынша бағаланады, бұл олардың оқытушы ретінде сертификатталуының міндетті шарты болып табылады. Бағалау олардың сыныптағы үлгеріміне, сабақты жоспарлауға және басқа да негізгі оқыту дағдыларына негізделген.

Жоғарыда айтылғандардан басқа, Австралияда мұғалімдерді даярлау бағдарламаларын Австралияның оқыту және мектеп көшбасшылығы институты (AITSL) реттейтінін атап өткен жөн. AITSL педагогикалық білім берудің ұлттық стандарттарын белгілейді және бүкіл ел бойынша педагогикалық білім беру бағдарламаларының осы стандарттарға сәйкес келуін қамтамасыз етеді. Бұл оқытушы студенттердің жоғары сапалы білім алуын және олардың мұғалім мамандығына жақсы дайындалуын қамтамасыз етуге көмектеседі.

Студенттердің педагогикалық практикадан өтуі үшін мектепті іріктеу критерийлерінде университеттерге байланысты ерекшеліктер бар. Студенттердің педагогикалық практикадан өтуі үшін іріктеу критерийлері мұғалімдерді даярлаудың нақты бағдарламасына және мектептің немесе оқу орнының талаптарына байланысты өзгеруі мүмкін. Дегенмен, университеттер болашақ мұғалімдер үшін практика базасын таңдау кезінде ескеруі мүмкін бірқатар жалпы критерийлер келесі абзацтарда баяндалады.

Студенттік педагогикалық практикадан өту үшін іріктеу критерийлері болашақ мұғалімдердің жақсы дайындалуын, кәсіби болуын және сыныпта тиімді жұмыс істеу үшін қажетті дағдылар мен біліктілікке ие болуын қамтамасыз ету үшін жасалған. Мақсат – болашақ мұғалімдерге тиімді оқытушы болу үшін қажетті дағдылар мен сенімділікті дамытуға көмектесетін қолайлы, күрделі және әртүрлі оқу ортасын қамтамасыз ету.

Университеттер практикалық база ретінде таңдалатын мектептердегі оқушылардың оқу үлгерімін, соның ішінде олардың бағалары мен жалпы академиялық жағдайын ескеруі мүмкін. Кейбір университеттер белгілі бір пәндік салада, әсіресе дарынды балалар оқитын оқушылары бар мектептерді таңдауы мүмкін.

Мектептің ішіндегі корпоративті мәдениетке назар аударады. Мектеп ішіндегі атмосфера, мұғалімдердің өзара коммуникациясы, сыртқы коммуникация, мектеп мұғалімдерінің оқушылармен жұмыс істегенде кәсіби дағдылары ескеріледі. Позитивті және қолдау көрсететін мәдениеті мен климаты бар мектептер мұғалім оқушылар үшін қолайлы оқу ортасын қамтамасыз ете алады және оларға сыныпты басқарудың тиімді стратегияларын жасауға көмектеседі.

Қауіпсіздік міндетті түрде ескеріледі. Студенттер мектепке жіберілмес бұрын мектеп орналасқан аудандағы қауіпсіздік мәселесі тексеруден өтуі керек, соның ішінде қылмыстық тарихты тексеру және балаларға қатысты зорлық-зомбылықты қарастыру т.б.

Бірқатар университеттер өткен жылғы практиканттармен сұхбат жүргізуге мән береді. Бұл мектептің қаншалықты практикаға қолайлы екенін анықтауға көмектеседі.

Студенттердің қалауы. Университеттер өз студенттерінің қалауын ескеруі мүмкін. Студенттер өздерінің мансаптық жоспарына сәйкес келетін практика базасын таңдауы ықтимал.

Оқушылар контингентінің әртүрлілігі де маңызды. Әртүрлі этникалық, мәдени және әлеуметтік-экономикалық топтардағы оқушылармен жұмыс істеп үйренген студенттер болашақ үшін өте құнды тәжірибе алады. АҚШ, Ұлыбритания, Австралия т.б. елдердің университеттері практика базасы ретінде таңдауда мән беретін маңызды фактордың бірі – мектеп контингентінің әртүрлілігі. Әр түрлі оқушылар құрамы бар мектептердің болуы бірнеше аспект тұрғысынан маңызды. Өйткені бұл әр түрлі оқушылармен құнды тәжірибе бере алады және мәдени ерекшеліктерді ескере отырып, оқыту дағдыларын дамытуға көмектеседі. Сондықтан студенттер үшін оларды болашақ оқытушылық лауазымдарға дайындау үшін сыныптағы әртүрлі ортамен танысу маңызды.

Білікті тәлімгер мұғалімдердің болуына көңіл бөледі. Студенттермен жұмыс істегісі келетін және жұмыс істей алатын тәжірибелі және білікті тәлімгер мұғалімдері бар мектептер студенттерге сапалы қолдау көрсетеді мен дұрыс бағыт береді. Басқаша айтқанда білікті мұғалімдер шығарумен танымал мектептер студенттерге сапалы практика ұйымдастыра алады.

Технологиялар мен ресурстарға қол жетімділікті қарастырады. Практиканттарға ноутбуктар, интерактивті тақталар және онлайн оқыту материалдары сияқты технологиялар мен ресурстарға қол жеткізе алатын мектептер студенттерге технологияны өздерінің оқыту тәжірибесіне енгізу мүмкіндігін ұсына алады.

Орналасқан жері міндетті түрде қарастырылады. Мектептің орналасқан жері маңызды фактор болуы мүмкін, бұл студенттерге барып-келуге ыңғайлы коммуникацияны қамтамасыз ету тұрғысынан өзекті.

Германиядағы педагогикалық практика. Германияда студенттік педагогикалық практика басқа елдерден, оның ішінде англо-саксон жүйесінен ерекшеленеді. Ең басты ерекшелік – болашақ мұғалімдерге теориялық және практикалық білім беруді ұйымдастыру процедурасы жеке кезеңдерге бөлінген. Болон процесі қалыптасқан жүйеге бірқатар өзгерістер алып келгенімен, болашақ мұғалімдерді даярлаудың дәстүрлі стандарттары әлі де сақталған¹⁴. Сонымен қатар, федералды формадағы мемлекет болғандықтан педагогтерге және мұғалім болғысы келетін тұлғаларға қойылатын талаптарда өңірлерге байланысты ішінара айырмашылықтар бар^{15;16;17}.

Еуропалық кеңістікте біртұтас білім стандарттарын қалыптастыруға бағытталған Болон процесіне қосылғанға дейін Германияда болашақ мұғалімдерді даярлау екі кезеңнен тұратын. Бірінші кезеңде болашақ мұғалімдер ұзақтығы орташа екі жылдық оқу курсына білім алады. Мұндай білімді жоғары оқу орындары немесе арнайы мұғалімдерді даярлау бағдарламалары бар орта білімнен кейін оқу орындары ұсынады. Бұл кезең болашақ мұғалімнің теориялық білімін қалыптастыруға негізделген. Қажетті сабақтар санын оқып, «мемлекеттік емтиханды» сәтті тапсырған студенттер екінші кезеңді бастауға рұқсат беретін құжат алады. Екінші кезең практикаға негізделген. Теориялық білім бойынша қажетті сынақтарды тапсырғаннан кейін болашақ мұғалім мектеп қабырғасында практикадан өтеді. Практиканың ұзақтығы өңір мен мекемеге байланысты өзгереді, әдетте екі жылға созылады. Практиканттар бұл кезеңнің соңында тағы да «мемлекеттік емтихан» тапсырып, өзінің педагог болуға лайықты екенін дәлелдейді¹⁸. Осыған қарап, Германияның практикаға көп маңыз беретінін аңғаруға болады.

Германия Болон процесіне қосылғаннан кейін, 2000-шы жылдардың басынан бастап жоғарыдағы жүйеге құрылымдық және ұйымдастырушылық тұрғыдан өзгеріс енгізіле бастады. Практикаға қатысты басты жаңалық – болашақ мұғалімдер үшін білім беру ұйымының базасында практика ұйымдастыру енгізілді. Соның нәтижесінде студенттердің практикасын ұйымдастыру теориялық оқыту кезеңінің бағдарламаларына интеграцияланды. Студенттік практиканың ұзақтығы университетке

¹⁴ Eurydice. Germany: Teachers and education staff. Электронды ресурсы: <https://eurydice.eacea.ec.europa.eu/national-education-systems/germany/initial-education-teachers-working-early-childhood-and-school>

¹⁵ Humboldt-Universität zu Berlin. Teacher training. Электронды ресурсы: <https://pse.hu-berlin.de/en/teacher-training/teacher-training>

¹⁶ Justus Liebig University Giessen. Teaching Practice / Working as a Trainee Teacher. Электронды ресурсы: <https://www.uni-giessen.de/en/study/courses/teaching/prim/furtherinfo/ref>

¹⁷ Matching Practices for Trainee Teachers – Germany. Электронды ресурсы: <https://www.matching-in-practice.eu/matching-practices-for-trainee-teachers-germany/>

¹⁸ Felician-Michael Führer and Tamara Falcone. Teacher Education in Germany— Mentoring in School Internships (Chapter 6). Электронды ресурсы: https://bibliographie.uni-tuebingen.de/xmlui/bitstream/handle/10900/135030/T%C3%BCSE%2004_Teacher%20Education_02-06_Chapter%206_Teacher%20Education%20in%20Germany_F%C3%BChrer_Falcone.pdf?sequence=1

байланысты өзгереді. Мысалы, Тюбинген университетінде (Eberhard Karls Universität Tübingen) педагог мамандағында білім алатын бакалавр студенттер 3 апталық, ал магистратурада оқитындар 12 апталық (1 семестр) практикадан өтеді¹⁹. Университеттер практика базасын жергілікті білім органдарының көмегімен айқындайды. Осы уақыт ішінде практиканттар нақты сыныптық жағдайда тәжірибелі тәлімгердің жетекшілігімен жұмыс істейді. Практиканттар сабақтарды жоспарлауға және өткізуге қатысады, сыныптан тыс жұмыстарға араласады. Практиканың соңында студенттер сыныптағы үлгерімі, оқытушылық тәжірибесі және университеттің курстық жұмысына қатысуы негізінде бағаланады. Бұл тұста ерекше атап өтетін жағдай, студенттер практикадан өтетін білім беру ұйымын өздері табу дәстүрі кең тараған. Қажет болған жағдайда университеттер практика базасын табуға көмектеседі.

Жоғарыда Германияда педагогтерді даярлауға қойылатын талаптарда өңірге байланысты ерекшеліктер барлығы жазылды. Сол себепті студенттер әдетте өздері оқитын университет орналасқан аумақтағы мектепке практикадан өтеді. Ерекше атап өтетін мәселе, студенттердің практикасын ұйымдастыруда жергілікті білім органдары белсенді рөл алады. Олар білім беру ұйымдарынан қанша практикант қабылдай алатыны туралы мәліметтер жинап, қажетті практиканттар базасын қалыптастырады. Студенттерден, жоғары оқу орындарынан келген сұраныстар негізінде практиканттарды жергілікті мектептерге жібереді²⁰.

Алайда, Германияда екінші кезең – практикадан өту кезеңі әлі талап етіледі²¹. Практиканың ұзақтығы 18-24 ай болып келеді. Бұл кезеңнен өтіп, мемлекеттік емтиханды сәтті тапсырған тұлғалар ғана педагог бола алады. Екінші кезеңнің мақсаты – болашақ мұғалімдерге сыныпты оқыту мен басқарудың практикалық тәжірибесін ұсыну және оларға тиімді педагог болу үшін қажетті дағдылар мен құзыреттіліктерді дамытуға көмектесу. Студенттер практикалық тәжірибесі молайғаннан кейін оқытушылық міндеттерді алады, бұл олардың педагогикалық дағдыларын дамытуға және тәуелсіз сынып жетекшілері болуға ұмтылуға мүмкіндік береді.

Бұл кезеңде болашақ мұғалімдер мектепке орналастырылады және тәжірибелі педагог-тәлімгердің бақылауымен жұмыс істеді. Олар сабақтарды жоспарлау мен өткізуге, тапсырмаларды бағалауға және сыныпты басқаруға жауапты болуы мүмкін. Бұл кезеңде студенттер аға оқытушыдан ұсыныстар мен кері байланыс алады және олар өз тәжірибелері туралы ойланып, қажет болған жағдайда оқыту әдістеріне түзетулер енгізеді деп күтілуде. Сонымен

¹⁹Eberhard Karls Universität Tübingen. School Practice. Электронды ресурсы: <https://uni-tuebingen.de/en/einrichtungen/zentrale-einrichtungen/tuebingen-school-of-education-tueese/study-information/information-on-the-teacher-education-program/school-practice/>

²⁰ Ministry of Culture, Youth and Sport. Baden-Württemberg Teachers Online Baden-Württemberg. Preparatory services for teaching positions at public schools in Baden-Württemberg. Электронды ресурсы: <https://lehrer-online-bw.de/,Lde/Startseite/vdonline>

²¹ Бұл кезеңді тағылымдама ретінде қарастыруға болады. Бұл кезеңнің ұйымдастырылу ерекшелігі Қазақстандағы тағылымдама ұйымдастыру процедураларына ұқсас.

қатар, олар өздерінің оқуы мен дамуын қолдау үшін семинарларға қатыса алады. Практика барысында болашақ мұғалімдер өздерінің тәлімгерлерінен ұсыныстар мен кері байланыс алады.

Екінші кезеңнің ең үлкен ерекшеліктерінің бірі – практика өтетін білім беру ұйымын таңдау процесі. Бұл жұмыс беруші мен жұмыс іздеуші арасындағы байланысқа ұқсас жолмен жүреді. Басқаша айтқанда, білім беру ұйымдары өздеріне қажет практикант вакансияларын арнайы сайтқа жариялайды. Міндетті практикадан өтуге ұмтылған болашақ мұғалімдер сол сайтқа қарап, өзі қалаған білім беру ұйымдарындағы бос практикант лауазымдарына өтінім береді²². Одан әрі екіжақты келісім негізінде уақытша жұмысқа алынған практиканттар тағлымдама мерзімі біткеннен кейін мемлекеттік емтиханды сәтті тапсырған жағдайда педагог болуға құқылы болады²³.

Германия тәжірибесінде ескерілуі тиіс бір фактор – мектептердің өздеріне болашақ сапалы мамандарды тарту және өз педагогтеріне ассистенттік қызметті ұйымдастыру мақсатында практиканттарға ашық болуы. Осы себепті білім беру ұйымдары жақсы практиканттарды рекрутке көңіл бөледі²⁴.

Жалпы, мектептер жұмысқа кірісетін мұғалімдердің мұғалімнің табысты мансабына дайындайтын оң және мағыналы практикалық тәжірибеге ие болуын қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады. Қолайлы оқу ортасын, ресурстарға қол жетімділікті және мектеп іс-шараларына қатысу мүмкіндігін қамтамасыз ете отырып, мектептер жұмысқа орналасуға дайындалып жатқан мұғалімдерге оқыту дағдыларын дамытуға және олардың сыныпқа деген сенімін арттыруға көмектеседі.

²² Federal Ministry of the Interior and Community. Teachers: preparatory service/traineeship for a teaching degree, lateral and lateral entry at general education schools. Электронды ресурсы: <https://verwaltung.bund.de/leistungsverzeichnis/EN/leistung/99019034007000/herausgeber/SH-10488916/region/01>

²³ Justus Liebig University Giessen. Teaching Practice / Working as a Trainee Teacher. Электронды ресурсы: <https://www.uni-giessen.de/en/study/courses/teaching/prim/furtherinfo/ref>

²⁴ International School Hannover Region. Student Teaching Placements. Электронды ресурсы: <https://is-hr.de/employees/student-teaching-placements/>

3. Педагогикалық практикадан өту үшін білім беру ұйымын таңдау критерийлері

Білім беру ұйымының әлеуеті практикада маңызды рөл атқарады. Педагогикалық мамандық студенттері үшін мектепті дұрыс таңдау олардың педагогикалық тәжірибесінің сапасына айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Себебі кәсіби тәжірибенің сапасы – ол ұйымдастырылған өндірістік базаның сапасына тәуелді. Жоғары оқу орындары мен студенттер практикадан өту үшін мектепті таңдау кезінде ескеруі қажет кейбір критерийлер осы тарауда негізделетін болады.

Бұл тұста ескерілуі тиіс фактор, студенттер практикадан өтетін базаны негізінен оқу орны таңдайды. Мұндай жағдайда студенттердің міндеті сол оқу орнымен келісімшарт жасасқан білім беру ұйымында тәжірибеден өту. Алайда кейбір жағдайларда бірқатар студенттер практикадан өтетін базаны өздері таңдауды сұрауы кездеседі. Дәлірек айтқанда, студент объективті себептерге байланысты кәсіби тәжірибені басқа ұйымнан өтуді өтінеді. Осыған байланысты, бұл әдістемелік құралда Педагогикалық практикадан өту үшін білім беру ұйымын таңдау критерийлері алдымен жоғары оқу орны мен орта білім саласындағы уәкілетті органға ұсынылды, одан кейін қосымша студенттерге де назар аударуы тиіс факторлар берілді.

Жоғары оқу орындары педагогикалық практикадан өту үшін мектептерді таңдағанда, мектептің өз студенттеріне жақсы сәйкес келетініне көз жеткізу үшін бірнеше факторларды ескеруге болады. Университеттер қарастыруы мүмкін кейбір жалпы критерийлер графикте берілген және олардың маңызы келесі абзацтарда сипатталады.

Педагогикалық практикадан өту үшін білім беру ұйымын таңдаудың критерийлері

- ✓ Қауіпсіздік
- ✓ Географиялық орналасқан аумағы
- ✓ Педагогтердің сапалық құрамы
- ✓ Білім сапасы
- ✓ Материалдық-техникалық, ресурстық жағдайы
- ✓ Директорлардың ықыласы
- ✓ Академиялық стандарттар
- ✓ Кәсіби даму мүмкіндіктері
- ✓ Білім алушылар контингенті, мектептің инклюзивтілігі
- ✓ Мектеп ішіндегі атмосфера және мәдениет

- ✓ **Университетпен қарым-қатынас**
- ✓ **Меншік форматы**
- ✓ **Студенттердің қалауы**

Алдымен мектептер студенттер үшін **қауіпсіз** болуы керек. Болашақ мұғалімдердің практика барысында өздерін қауіпсіз сезінуін қамтамасыз ету өзекті. Бұл тұста қауіпсіздік тек мектептің ішкі атмосферасы ғана емес, сонымен қатар білім беру ұйымы орналасқан ауданның да қауіпсіздігін назарға алу қажет.

Білім беру ұйымының **географиялық орналасуы** бірнеше факторлар тұрғысынан маңызды. Практика өтетін база студенттердің транспорттық коммуникациясына ыңғайлы болуы қажет. Болашақ мұғалімдердің мектеп пен тұрғылықты мекені арасындағы тасымалға байланысты шығындар мен кететін уақыт олардың дайындықтарына кедергі болмайтындай болуы тиіс. Сондықтан студенттер тұратын жерге ыңғайлы мектептерді практика базасы ретінде таңдау өзекті. Сондай-ақ, ірі қалаларда мектеп орналасқан аудандағы жайлылықты, ондағы қоғамдастықты ескеру пайдалы, өйткені бұл мектептегі атмосфераға әсер етуі мүмкін.

Білім беру ұйымындағы **педагогтердің сапалық құрамы** ескерілуі тиіс негізгі критерийлердің бірі. Мектептегі педагогтердің санаты, білімі мен еңбек өтілін қарастыру маңызды. Студенттерге қолдау көрсететін тәлімгердің біліктілігі құнды және практиканттың дағдыларын дамытуға тікелей ықпал ететін элемент. Мектепте тәлімгер болуға лайықты «Үздік педагог» конкурсы жеңімпаздары, педагог-шебер және педагог-зерттеуші санаттарының жеткілікті саны бар екеніне көз жеткізу қажет.

Келесі ескерілуі тиіс фактор білім алушылардың **білім сапасы**. Әлі педагогикалық тәжірибесі жоқ студенттер үшін білім алуға ынтасы төмен оқушылар саны көп сыныппен жұмыс істеу қиын болатыны анық. Сондықтан практиканттардың оқуға ынталы және белсенді білім алушылармен жұмыс істеу мүмкіндігі бар екеніне көз жеткізу керек. Бұл үшін білім алушылардың білім сапасын өлшейтін ішкі бағалау жүйесінен бөлек жұртшылыққа қолжетімді сыртқы индикаторлардың да қорытындысына сүйенуге болады. Басқаша айтқанда, білім беру ұйымындағы білім сапасын ұлттық бірыңғай тестілеу, республикалық және өңірлік олимпиадалардағы көрсеткіштері, білім сапасын сыртқы бағалауға арналған отандық тест «Білім алушылардың білім жетістігіне мониторинг» және халықаралық зерттеу «Мектепке арналған PISA» (ағылш. Programme for International Student Assessment, қаз. Халықаралық оқушы қабілетін бағалау бағдарламасы) нәтижелеріне сүйенуге болады.

Білім беру ұйымының **ресурстық жағдайы, материалдық-техникалық қамтамасыз етілуін** де назарға алу ұсынылады. Мектеп практикант мұғалімдерге тиімді сабақтарды жоспарлау және өткізу үшін

қажетті ресурстар мен материалдарға қолжетімділікті қамтамасыз етуі керек. Мұндай ресурстарға оқулықтар, оқу құралдарынан бөлек интерактивті тақталар, планшеттер немесе басқа да заманауи технологиялық жетістіктер жатады. Бұл ресурстар студенттердің оқытушылық тәжірибесі үшін пайдалы. Сондықтан танымал университеттер технологияға, сынып материалдарына және мұғалімдерді даярлау бағдарламаларына қолжеткізу сияқты мектептегі ресурстарды назарға алады.

Мектеп басшылығының, оның ішінде **директордың практика мен практиканттарға деген көзқарасын** зерделеу өзекті. Бұл оларға мектеп саясаты мен процедуралары туралы нақты түсінік беруді және олармен негізгі қызметкерлер мен оқушыларды таныстыруды қамтуы мүмкін. Мектеп басшылығы студенттер үшін арнайы тәлімгерлік бағдарлама әзірлеуі мүмкін. Мектеп директорлары педагогикалық практика кезінде оқытушы студенттерді қолдауда маңызды рөл атқара алады. Мектеп директорлары практиканттар мен олардың тәлімгерлері, жалпы ұжым қызметкерлері арасындағы қарым-қатынасты дамыта алады. Бұл студенттерге қарым-қатынас орнатуға және мектеп қауымдастығына интеграцияланғанын сезінуге көмектеседі. Мектеп директорлары болашақ мұғалімдерге оқытудың тиімді әдістері, сыныпты басқару стратегиялары және оқыту тәжірибесіне қатысты басқа тақырыптарды білуіне арналған шаралар ұйымдастыра алады. Позитивті мектеп атмосферасы студенттер үшін қолдау ортасын қамтамасыз ете алады. Мектеп директорлары болашақ мұғалімдердің жетістіктерін мойындауы және атап өтуі маңызды. Бұл олардың өзіне деген сенімділігі мен жетістік сезімін арттыруға, сондай-ақ педагог қызметі туралы оң пікір қалыптастыруға көмектеседі. Қолдау, тәлімгерлік және ресурстарды ұсына отырып, мектеп директорлары студенттерге жағымды және тиімді оқыту тәжірибесін алуға көмектеседі. Сондықтан мектеп басшылығы студенттерге өз дағдыларын дамытуға және өсуге көмектесетін қолайлы ынтымақтастық ортасын құруда шешуші рөл атқарады.

Академиялық стандарттар – білім беру ұйымы іске асырып үлгілік оқу жоспарларды, бағдарламаларын, жұмысқа орналасқысы келген үміткер педагогтерге қойылатын талаптарды да назарға алу ұсынылады. Мектептегі академиялық стандарттарды бағалау қажет. Өз білім алушыларына да, мұғалімдерге де жоғары академиялық талаптар қоятын мектепті практикалық база ретінде таңдау студенттердің біліміне оң ықпал ететінін анық. Арнайы мектептердің де барлығын ескеру керек. Олар көбіне өнер, спорт, дарынды балаларды тереңдетіп оқыту сияқты белгілі бір бір академиялық стандарттар мен бағдарламаларға сәйкес құрылған мектептер. Мұндай білім беру ұйымдарында практика ұйымдастырудың өзіндік артықшылықтары мен қиындықтары бар.

Мектептің студенттерге қосымша **кәсіби даму мүмкіндіктерін ұсынуы**. Мектептер болашақ мұғалімдерге педагогтер жиналысы, біліктілікті арттыру сабақтары және сыныптан тыс жұмыстар сияқты мектеп іс-шараларына қатысуға мүмкіндік бере алады. Бұл практиканттарға мектеп

мәдениетін, жалпы педагогтер қоғамдастығындағы мәдениет туралы кеңірек ақпарат алуына, ой түйіндеуге көмектеседі. Сонымен қатар, тәжірибелі педагогтердің ұйымдастыруымен әдістемелік семинарлар немесе тренингтер сияқты студенттерге кәсіби даму мүмкіндіктерін ұсынады. Бұл мүмкіндіктер сізге педагогиканың соңғы стратегиялары мен әдістемелерінен хабардар болуға көмектеседі. Болашақ мұғалімдерге біліктілікті арттыру іс-шараларына қатысуға мүмкіндік беретін мектептердегі практикалар олардың педагогикалық дағдыларын дамытуға және білім берудегі соңғы зерттеулер мен тенденциялардан хабардар болуға көмектеседі.

Білім алушылардың әлеуметтік құрамы, мектептің инклюзивтілігі. әртүрлі әлеуметтік топтардан шыққан білім алушылар оқитын және инклюзивті контингенті бар мектептерде практикалық сабақтар өткізу жұмысқа орналасуға дайындалып жатқан мұғалімдерге қоғамның әртүрлі салаларындағы және көзқарастарындағы оқушылармен жұмыс істеу мүмкіндігін бере алады. Бұл әртүрлі сыныптармен, арнайы білім беру сыныптарымен немесе әртүрлі оқушылар топтарымен жұмыс істеу мүмкіндіктерін қамтуы мүмкін.

Практиканың сапасына ықпал ететін факторлардың бір **мектеп ішіндегі атмосфера және мәдениет.** Дұрыс ұжымдық мәдениет қалыптасқан мектептер жұмысқа орналасуға дайындалып жатқан мұғалімдерге тәжірибелі мұғалімдермен жұмыс істеуге және мектеп іс-шараларына қатысуға мүмкіндік бере алады. Мектептің қоғамдағы, жергілікті қоғамдастықтағы беделіне назар аудару қажет. Қалалық аумақтарда жұртшылық арасында, педагогтер қоғамдастығы ішінде оң пікір қалыптасқан білім беру ұйымдары бар. Бұл жақсы қалыптасқан білім беру бағдарламалары бар мектептер немесе табысты және нәтижелі мұғалімдерді даярлау тарихы бар мектептер болуы мүмкін. Осындай мектептерден практикадан өту, студенттің болашақта жұмысты оңай табуына көмектесетін тағы бір фактор. Бұл үшін әлеуметтік сауалнама жүргізуге немесе басқа да зерттеулердің қорытындыларына сүйенуге болады.

Білім беру ұйымының **университетпен қарым-қатынас** дәстүрі де маңызды. Университет пен мектеп арасындағы берік серіктестік студентке қосымша ресурстар мен қолдау көрсете алады. Сонымен қатар, педагогтері мен білім алушылары жоғары оқу орны өткізетін түрлі іс-шараларға қатысатын мектептерді практика базасы ретінде таңдауға кеңес беріледі. Бұл мектеп пен университет арасында ресми және бейресми байланыстың барлығының көрінісі.

Мемлекеттік немесе жеке білім беру ұйымы екеніне назар аудару да қажет. Мектептің әр түрі оқытушылық практика үшін өзінің ерекше артықшылықтары мен қиындықтарын ұсынады, сондықтан мектептің қай түрін таңдау керектігін шешкен кезде оның меншік формасын да ескеру маңызды. Мемлекеттік мектептер студенттерге ресурстар мен қызметтердің кең спектрін ұсынады, соның ішінде арнайы білім беру бағдарламалары, сыныптан тыс жұмыстар және басқа да қолдау қызметтері. Мемлекеттік мектептер оқытушылық тәжірибе үшін жақсы нұсқа бола алады, өйткені

оларда тәлімгерлік бағдарламалары жиі жұмыс істейді, ал сынып ортасы құрылымды және жақсы қолдау көрсете алады. Жеке мектептер оқытушылық тәжірибе үшін жақсы нұсқа бола алады, өйткені олар көбінесе оқу бағдарламасы мен оқыту әдістерінде икемділікке ие, бұл оқытудың инновациялық тәсілдерін қолдану тәжірибесін алудың тамаша тәсілі болуы мүмкін. Сонымен қатар, жеке мектептер оқушылармен және олардың отбасылармен қарым-қатынас орнатуға көп көңіл бөледі.

Студенттердің қалауын ескеру маңызды. Практика базасын таңдауда ең бірінші кезекте студенттердің қажеттіліктері, сұраныстары мен қалауы ескерілуі керек. Студенттер еңбек нарығында бәсекеге қабілетті маман болу үшін практика базасы ретінде басқа бір ұйымдарды ұсынуы мүмкін. Осы жерде педагогикалық практика үшін білім беру ұйымын студенттің өзі де таңдау мүмкіндігі бар екенін айтып өту керек. Бірқатар жоғары оқу орындары өз студенттеріне педагогикалық практиканы таңдау мүмкіндігін береді. Мұндай дәстүр студенттердің болашақта өзі көздеген мектепке жұмысқа тұруы үшін жақсы қадам. Практика барысында өзінің қабілетін көрсету мүмкіндігіне ие болады. Сонымен қатар, оқу орнын тәмамдағаннан кейін өзі жұмыс істегісі келетін білім беру ұйымында педагогикалық практикадан өту арқылы студент ол ортаның атмосферасымен таныс болады.

Жалпы, практика үшін мектепті таңдағанда, оның әлеуетіне көз жеткізу үшін бірнеше ресми факторларды да ескеру қажет. Олардың арасында білім беру ұйымының лицензиясының болуы, аттестация мен аккредиттеуден өтуі. Бұл мектептің белгілі бір сапа стандарттарына сәйкес келуін және беделді білім беру тәжірибесін ұсынуын қамтамасыз етеді.

Қазақстанда дәстүрлі түрде практика үшін өндірістік базаны таңдауда жоғары оқу орындары мен білім беру ұйымдары қатар қатысады. Дегенмен, шетелдік тәжірибеде анықталғандай педагогикалық практиканы ұйымдастыруда білім беру ұйымдары белсенді рөл ойнай алады. Практиканттарды тарту білім беру ұйымдары үшін бірнеше аспект тұрғысынан тиімді. Алдымен, практиканттар арасынан өздеріне қажетті мамандарды іріктей алады. Екіншіден, практиканттар тәжірибелі педагогтерге ассистенттік көмек көрсетіп, олардың қосымша шығармашылықпен айналысуына мүмкіндік береді. Үшіншіден, заманауи трендтерді жақсы меңгерген практиканттар жаңа технологияларды енгізуге септігін тигізеді. Сол себепті білім беру ұйымдарының да сапалы практиканттарды тарту мақсатында хабарландыру беріп, жоғары оқу орындарымен келіссөздер арқылы білікті студенттерді рекрут жасауға ұмтылуы маңызды.

Сондай-ақ, студент өзінің өмірлік мақсаттарына, мансаптық жоспарына сәйкес келетін мектеп табу үшін жан-жақты сұрастыру мен зерттеу жүргізгені дұрыс. Практикадан өткен бұрынғы студенттермен сөйлесу жолымен де практиканттар көп ақпарат ала алады. Олардан практиканы қандай мектепте өту, оған қалай дайындалу, тәлімгерлермен қарым-қатынас туралы сұрау пайдалы болады. Осы қадамдарды орындау арқылы студент өзінің болашақ

жоспарына, мақсаттарына сәйкес келетін мектепті практика базасы ретінде таңдай алады.

Қорыта келе, практикалық сабақтарды өткізу үшін бірыңғай "ең жақсы" мектеп жоқ, өйткені бұл бағдарлама, студенттің мақсаттары және тұру орны сияқты жеке факторларға байланысты. Дегенмен, семинардың жоғары сапалы және тиімді өтуіне ықпал ететін бірнеше факторлар бар. Осы критерийлерге келетін білім беру ұйымдарын алдымен университетке жақын аумақтан табу маңызды. Одан кейін басқа аумақтарды қарастыру қажет.

Қорытынды

Теорияда жинаған білімдерін іс-жүзінде көрсетуін бағалайтын практика мұғалімдердің кәсіби дайындығының маңызды элементі саналады. Кәсіби практика – педагогикалық мамандық студенттерін болашақ мансабына дайындайтын күрделі, бірақ пайдалы тәжірибе. Бұл студенттерге нақты сыныпта студенттермен құнды тәжірибе жинақтауға, оқытудың тиімді әдістері туралы білуге және өздерінің оқыту стилін дамытуға мүмкіндік береді. Практикалық жұмыс тәжірибесі оқытушы студенттерге өз білімдері мен дағдыларын нақты жағдайларда қолдануға, оқу жоспары мен оқушылардың оқу қажеттіліктерін тереңірек түсінуге, сондай-ақ тиімді және табысты оқытушы болу үшін қажетті құзыреттерді дамытуға мүмкіндік береді. Практикалық жұмысының соңында студенттер болашақ оқыту тәжірибесінде қолдана алатын оқыту стратегияларын, оқыту әдістемелерін және бағалау өлшемдерін әзірлейді. Осындай маңыздылығына байланысты кез келген мамандыққа оқытуда практика міндетті компонентке жатады.

Практиканттарды өндірістік тәжірибе барысында сапалы білім алуын қамтамасыз ету олардың тәлімгерлері мен университет тағайындаған жетекшілерінің маңызды міндеті болып табылады. Позитивті оқу ортасын құру, бақылау мүмкіндіктерін қамтамасыз ету, үздіксіз кері байланысты ұсыну, рефлексияны ынталандыру, тиімді оқытуды модельдеу, қолдау мен басшылықты ұсыну және жетістіктерді атап өту арқылы тәлімгер өз студенттеріне педагогикалық тәжірибелерін дамытуға және білікті ұстаз болуға көмектесе алады.

Студенттер үшін дұрыс мектепті таңдау олардың педагогикалық тәжірибесіне айтарлықтай әсер ететін маңызды шешім. Себебі практиканы ұйымдастырудың сапасы мектепке байланысты өзгеруі мүмкін. Сондықтан осы әдістемелік құралда педагогикалық мамандық студенттері практикадан өту үшін мектепті таңдау кезінде ескерілуі керек критерийлер жазылды.

Студенттердің педагогикалық практикадан өтуі үшін мектептерді таңдау критерийлері мұғалімдерді даярлаудың нақты бағдарламасына, мектептің немесе мекеменің талаптарына, студенттің қажеттіліктеріне байланысты өзгереді. Дегенмен, студенттердің педагогикалық тәжірибеден өтуі үшін мектептерді таңдау кезінде ескерілетін жалпы критерийлерге мыналар жатады.

Орналасқан географиясы – университеттер ескеретін алғашқы факторлардың бірі. Бұл мектептер университетке жақын орналасуы немесе практика студенттерінің тұрғылықты жеріне жақындығы негізінде қарастырылады.

Мектептің академиялық жетістігі, үлгілік оқу бағдарламалары/жоспарлары назарға алынады. Студенттерге сапалы практика ұйымдастыру үшін білім беру ұйымының әлеуеті маңызды.

Ресурстық, материалдық техникалық жабдықталуы. Педагогикалық практика сапалы өтуі үшін білім беру ұйымында жеткілікті сыныптары, технологиялық ресурстары және басқа да ыңғайлылығы маңызды.

Білім беру ұйымындағы білім алушылардың құрамы ескеріледі. Бұл тұста білім алушылардың жетістіктері ғана емес, сонымен қатар, оқушылардың әртүрлі контингенті қарастырылады. Басқаша айтқанда, білім беру ұйымының инклюзивтілігі де рөл ойнайды.

